

Көлік апаты көбейіп тұр

2-бет

Рух берген «Оян, қазақ!»

3-бет

Сауабы сансыз сапар

8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz | БЕЙСЕНБІ, 5 ҚАЗАН, 2023 ЖЫЛ №111 (23 287) | www.facebook.com/ortalyq.kz | info@ortalyq.kz

Құрметті білім беру саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұстаздар қауымы күн сайын жас ұрпаққа білім нұрын сеуіп, өздерінің жанқиярлық еңбегімен ұрпақты тәрбиелеп, олардың білімге деген сүйіспеншілігін оятады. Осы арқылы олар еліміздің болашағын құру ісіне атсалысады. Дана халқымыз «Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла» деп бекер айтпаған.

Бүгінгі таңда біздің облыста және жалпы елімізде білім беру жүйесін дамытуға және ұстаздарымыздың мәртебесін арттыруға үлкен көңіл бөлінуде. Жаңа мектептер салынып, мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдайлар жасалуда. Қарағанды облысының қалалары мен ауылдарында 2025 жылға дейін 18 жайлы мектепті салу жоспарлануда. Бүгінде 10 білім ордасын салу жұмыстары басталды.

Құрметті ұстаздар!

Сіздердің еңбектеріңіз Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен болашағымен тығыз байланысты. Өз қызметтеріңізде сіздер жас ұрпақты адамгершілікке және азаматтық жауапкершілікке баулып, ертеңгі жарқын болашағымызға үлес қосасыздар. Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және шығармашылық табыс тілейміз! Сіздер тәрбиелеген шәкірттер еліміздің лайықты азаматтарына айналсын.

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• БҮГІН – МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

Мәртебесі артып, мерекесі нақтыланды

«Жақсы ұстаздың тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» дегенде мұғалімнің туған анадан елестететіні рас. Балалық шақтан болашаққа жетелеген аяулы жанның әрбір сөзі санада сайрап тұрады, сағынып ойға аласың.

Ұстазды елп ескерудің белгілі мерекесі болмағандықтан ба, құттықтауды жылда кейінге шегеріп, естен шығаратын едік. Быыл мұғалімге де нақты мереке бекітілді. Жақсы ұстаздың оқушы санасында мәңгі қалатыны секілді, 5 қазан – мұғалімнің мерейлі күні болып тарихқа енді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүниедегі білім атаулының кілтін ашып, құпия сырына үңілген ұстаздардың мерекесін әлемнің 100-ден астам елі атап өтеді екен. Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілген 5 қазан – сондай-ақ елімізде «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпаздарын анықтайтын күн.

Деректерге көз жүгіртсек 2012 жылдан бері 620 ұстаз «Үздік педагог» атанған. Сондықтан 45 жыл ұстаз болса да 45 минуттық сабағына әзір жүретін білім саласының үздіктері қашанда марапатқа лайық. Қадірлі ұстаздар қызмет барысында кездесетін түрлі қиындыққа қарамастан, жұмыстарын аса жоғары деңгейде атқарып, басшылықтың, ата-ананың, қала берді оқушының көңілінен шығуға тырысып-ақ жүреді.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде Қазақстанда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 556 мың педагог еңбек етеді.

Соңғы жылдары білім саласында орын алған жағымды жаңалықтар ұстаз атаулыны қуанышқа кенелтіп, абыройын асқатқатты. Мұғалімдердің мәртебесін асырған жағымды жаңалықтың төресі 2017 жылдан бері білім саласы қызметкерлерін бөде жұмыстарға тартып, үй аралатуға тыйым салуды. Үкімет ата-аналардың сұранысына құлақ түріп, оқушыға «Әліппе» мен «Ана тілі» қайтарып берді. Оқулықтардағы қателер де түзетілді. Оған қоса ұлттық бірінғай тес-



«1994 жылдан бері 100-ден астам мемлекетте қазан айының алғашқы жексенбісі мұғалімдер мен білім беру саласындағы қызметкерлердің кәсіби мерекесі болып белгіленген. Әлем елдерінің көбісі бұл мерекені 5 қазан күні атап өтеді. 1966 жылы 5 қазанда ЮНЕСКО мен Халықаралық еңбек ұйымының өкілдері «Мұғалімдердің мәртебесіне қатысты ұсыныстар» құжатына қол қойған».

тілеудегі олқылықтардың орны толды. Ақылы олимпиадалар өткізуге тыйым салынды.

Ал, 2019 жылдың жағымды жаңалығы – 21 баптан тұратын «Педагог мәртебесі туралы» заң. Соның ықпалымен соңғы жылдары мұғалімдердің еңбек жағдайы әлдеқайда жақсарып, жалақысы артты. Заңның аясында ұстаздардың лайықты еңбекақыларын алуына жағдай жасау, мұғалімдерді көлденең қоғамдық жұмыстардан босату қаралып, жаппай тексеру сынды мәселелер тоқтағаны қуантты.

Биыл 1 қаңтардан мектеп педагогтерінің жалақысы тағы 25%-ға өскені белгілі. Бүгінде жаңа жүйемен аттестаттау қорытындысы

бойынша 217 мың (63%) мұғалім негізгі жалақыға қосымша ақы алып отыр.

Мұғалімдерден педагогика және оқыту әдістемесі бойынша тес-тілеу алынып тасталғаны да ауыз толтырып айтамыз. Өзі сабақ беретін пән бойынша тек қана модератор мен сарапшыға ауысқан кезде ғана тес-тілеуден өтетін мұғалім үшін бұл тиімді болғаны рас.

Министрліктің алдағы уақытта білім беру ұйымдарының білікті және тәжірибелі басшыларын «Бо-

лашақ» бағдарламасымен 3-6 айға шетелге тағылымдамадан өтуге жіберуді қолға алғаны тәжірибе арттыруда тиімді бастама. Шетелді бәрінен бұрын мұғалім көргені жақсы, ол оқушыны бағалайтын маңызды адам дейтін ұстаздар бағдарламаның игілігін көруде.

Айта берсек мұғалімге айтылар айып, тағылар кінә көп. Кейде қоғам болып мұғалім еңбегін жоққа шығарып, жарға жығатынмыз бар. «Мектептің жүрегі» екенін естен шығаратын сәттер де аз емес.

Газет оқырмандарының басым көпшілігі ұстаздар қауымы болғандықтан, жылына бір келетін шуақты күнде ұстаздың беделі артамын қалаймыз. Мұғалімдердің мерекесінде мәселесін ортаға салып көңілді түсіргенше, мәртебесін асқатқатқан жақсы.

СУРЕТТЕ: әл-Фараби атындағы мектеп гимназиясы директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Алмагүл Түсіпова 1-сынып оқушыларымен

Баспасөз - 2024



ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5848,50	5919,00
	12 ай	11697,00	11838,00
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116 тенге	6 ай 3100,50	3111,80
		12 ай 6201,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылулар үшін	3492 тенге	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы:

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.



Кәсіп.кз арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» →

«Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• КӘСІПКЕРЛІК

Жүректерге от берген...

Жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуға, қолдауға бағытталған Қарағанды қаласы әкімінің грант иегерлеріне салтанатты түрде сертификат табыстау шарасы өтті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мақсат – қала аумағында үздік әрі өміршең бизнес-жобаны іске асыру. Быыл бір бизнес-жобаны іске асыру үшін Данияр Рүстемов, Дарья Зайцева, Никита Дмитриев, Мұрат Қожанов, Алдияр Жолтаев, Меруерт Абзалбек, Гүлзат Қайырзат, Адлан Шонов, Айжан Наукенова, Жәңель Сембекова сынды 10 үздік жас кәсіпкерге 1 500 000 теңгеден берілді. Жоба ынталы жастардың жаппай жұмыспен қамтылуына ықпал етпек. Осы жылы конкурста 18-35 жас аралығындағы қатысушылардан барлығы 75 өтінім келіп түскен. Конкурс комиссия құрамына мемлекеттік мекемелер, бизнес-құрылымдардың өкілдері, депутаттар мен қоғам қайраткерлері кірді.

Салтанатты шара барысында Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Абзал Рахымбаев, қалалық

мәслихатының депутаты Марина Платонова және Қарағанды қаласы әкімінің 2022 жылғы грант иегері, «AVISHU» тігін өндірісінің жетекшісі Викторія Пак грант иегерлерін құттықтап, ілкімді істеріне сәттілік тіледі.

– Бұдан бес жыл бұрын облыс аумағындағы жас кәсіпкерлер үлесі 10 пайызды құрап келген болса, бүгінде 17 пайызға артқан. Бұл жолы біз кәсіпкерлік бағытында тың идеялармен таныстық. Жоба екінші жыл қатарынан жүзеге сәтті асып келеді. Сіздердің белсенді ұстанымдарыңыз келешегіміздің көркем болуына сенім ұялатады. Мемлекет тарапынан қабылданған әрбір бағдарлама міндетті түрде жастардың қамтылуын дiттейдi. Жаңа нарықты бағындыру оңай болмағанымен, күш-жігерлеріңіз сарқылмасын деп тілек қосамыз. Бастаманы қолдау үшін бюджеттен 15 млн. теңге бөлінді. Барлық грант иегерлерін құттықтаймыз,



– деді Абзал Жұпарұлы құттықтау сөзінде.

Жеңімпаз атанып, тың мүмкіндік тізгіндеген грант иегерлері де ой-пікірлерін іркіп қалмады. «Жент ұлттық өнімін дұрыс тамақтануға бейімдеу» жобасының авторы Меруерт Абзалбек қазақы тағамды модернизациялау өзекті әрі пайдалы екендігін жеткізді.

– Бастабында ойымызды екі жыл шегінде сынақтан өткізуге тура келді. Қазір түрлі глютенсіз, қантсыз диеталық өнімдерге

сұраныс күрт артты. «Іздегенге – сұраған». Өнім уақыт өте келе ұлттық брендке айналады деп ойлаймыз. Грант қаражатын тиісті жабдық алуға жұмсаймыз. Жобаны кең көлемде ұйымдастырған жандарға риясыз алғыс айтамын. Біз жастар – игі идеяның, сарқылмас күш пен қуаттың иесіміз! Бізді қолдау – болашағымызды баянды ету, – деп ағынан жарылды Меруерт Сапарқызы.

Салтанат соңында жеңімпаздар естелік суретке түсті.



Көлік апаты көбейіп тұр



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

бет Бөлекпаев.

Жыныда күзгі, қысқы кезеңге дайындық туралы да айтылды. «ҚазАвтоЖолдың» директоры Ерлан Жұмағұловтың айтуынша,

Қазақ өткен ғасырда аштықтан қырылды. Содан кейін сталиндік жаппай репрессия басталды. Тізе берсеңіз көп. Қайсыбірін тырнаймыз. Халқымыздың басына нелер келіп, нелер кетпеді. 20 миллионнан аса алмай жатқан бейбіт заманның қазағы бүгінде жол апатынан қырылып жатыр. Мәселен, бір ғана Қарағанды облысында кейінгі 9 айда 236 жол-көлік апаты орын алыпты. Салдарынан 96 адам қаза тапқан. 266 жолаушы жарақаттанған. Былтырғы статистика, тіпті, қорқынышты. 237 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 122 адам көз жұмған. 287-сі жарақаттаныпты. Бұл қоғам болып назар аударатын проблема болып тұр.

Облыс әкімдігінде құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомстворалық комиссияның кезектен тыс отырысы өтті. Онда жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары талқыланды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды мен Алматыны жалғайтын автобан – ажал жолына айналғалы қашан. Сол жолда қаншама адам опат болды. Жолды қысқартамын деп қарсы бағытқа шыққандар, уақыт ұтамын деп жылдамдықты асырғандар өзіне де, өзгеге де қиянат жасауда. Бала – жетім, жар – жесір қалып жатыр. Мысырдағы Пирамиданы тұрғызу үшін мыңдаған құлдың өмірі қиылған дейді көрі тарих. Дерету тиісті шаралар қабылданбаса, мына автобанымыз да тарихта қасіретті болып қалайын деп тұр.

Қазір әлгі жолда екі-ақ жолақ бар. Оның өзі шалажансар. Өйткені, құрылыс жұмыстары әлі аяқталмаған. Полиция жол апатын болдырмау үшін кейбір шақырымдарда төрт жолақты толықтай ашу қажет деп отыр.

– «Алматы-Екатеринбург» жолының ең қауіпті учаскесі – Қарағандыдан Жамбыл облысының шекарасына дейінгі Ақтоғай, Шет және Абай аудандары бойынша өтетін бағыт. Жолдың төрт жолағы бар тағы жеті учаскесінің ашылуын қарастыру қажет. Жалпы ұзындығы – 154 шақырым. Бұл көлік легін бәсеңдету және қарсы қозғалыс жолағына шығуды болдырмау үшін қажет, – деді облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрманғали Исмағұлов.

Қайта жаңартылатын учаскелерде бірқатар кемшіліктер анық-



талып жатыр. Атап айтсақ, жиектегі қиыршық тастар стандартқа сәйкес төселмеген. Асфальт лас. Жол бойында коқыс жәшіктері, кемпингтер мен қоғамдық дәретханалар жоқ. Құрылысқа жауапты мердігерлерге айыппұл салыныпты.

Жыныда «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолында 1 қазанда болған жол апаты жөнінде де айтылды. Қайғылы оқиға Матақ ауылының маңында орын алды. Кроссовер мен жеңіл көлік қақтығысқан. Салдарынан жеңіл көліктің 2 адам қаза болды. Апаттың себебі анықталуда. Облыстық полиция департаментінің берген ресми ақпаратына сүйенсек, жол-көлік оқиғасына қатысты 345-баптың 4-тармағына сәйкес қылмыстық іс

қозғалыпты. Сараптама тағайындалған. Тергеу жүргізілуде.

Бұл жағдай жолдағы қауіпсіздік мәселесіне назар аудартады. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев полиция департаментіне шараларды пысықтауды тапсырды. Әсіресе, республикалық маңызы бар жолдардың бойындағы арқаларға жылдамдық өлшейтін құралдарды орнату ұсынылды. Өйткені, апаттың басым бөлігі жылдамдықты шамадан асырғаннан болады.

– Жол қауіпсіздігіне мүмкіндігінше көп көңіл бөліңіздер. Бұл тек республикалық маңызы бар жолдарға ғана емес, облыстық, қалалық, аудандық жолдарға да қатысты. Аралық шаралар қабылдап, барлығына бірлесіп әрекет ету қажет, – деп атап өтті Ермаған-

«Осакаров-Қарағанды» жолына техника сатып алынуға. Қазан айының соңына дейін 20 бірлік жеткізілмек. Қосымша 14-і жалданады. «Қарағанды-Балқаш» жолы үшін техника санын 30 бірлікке дейін ұлғайту жоспарлануда.

Бұлардан бөлек, ұрлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары талқыланды. Құқық бұзушылықтың алдын алудың жеңіл оларға дереу ден қоюдан ең пәрменді тәсілі – бейнебақылау камераларын орнату. Бүгінде Қарағандыда 5 мыңға жуық камера бар. 40 заманауи «Рубеж» жүйесін сатып алу жоспарлануда. Оның отызы облыс орталығында орнатылады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Салдармен емес, себеппен күресу керек

Күн суытып, қыстың ызғары сезіле бастағанда облыстың төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері де қарбалас жұмысқа кіріседі. Атап айтсақ, тұрғын үй секторындағы өрттің санын азайту, салдарынан адамдардың қаза табуы және жарақат алуын болдырмау мақсатында үгіт-насихат, алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Мәселен, деректерге сүйенсек, облыста 2022-2023 жылғы жылыту кезеңінде жер үйден 237 өрт шығып, 29 адам қаза тапқан. Олардың ішінде балалар да бар. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстың төтенше жағдайлар департаментінің басшысы, полковник Мұрат Қатпанов мәлімдеді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдын алу маңызды
Департамент бастығы профилактикалық жұмыс халықтың әлеуметтік осал тобына жататындардың, сондай-ақ, өрт туыру қаупі болуы мүмкін деген адамдардың тұрғын үйлерін қамтитынын айтады. Нақтыласақ, жыл басынан 76 мыңға жуық аулаң аралап, 227 мыңнан астам адамға нұсқау берілген.

– Халықты барынша қамту үшін бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдаланамыз. Одан бөлек, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша ақпарат орналастырылады. Облыстың елді мекендерінде орнатылған LED-экрандарда өртке қарсы тақырыптағы бейнероликтер көрсетіледі. 15 тамыз бен 4 қазан аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында өрт қауіпсіздігі, пешті орнату және пайдалану, жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша 198 материал орналастырылды, – дейді Мұрат Қасенұлы.

Департамент басшысы алдын алу жұмыстарымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың деректері негізінде халықтың әлеуметтік осал топтарының, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, зейнеткерлер мен мүгедектердің тұрғын үй тізімі түзілетінін да айтады. Мысалы, биыл сепке 5811 үй алынған. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен салыстырғанда 729 үйге артық.

Алдын алу жұмыстарынан бөлек, департамент мамандары жергілікті полиция қызметі, әкімдік қызметкерлері, әлеуметтік қорғау



және еріктілермен бірлесіп, қажетті көмекті айқындау тұрғысынан халықтың әлеуметтік осал топтарының үйлерін де аралайды. Нәтижесінде, 115 үй өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны анықталған.

– Жылыту кезеңінің басынан жеке тұрғын үйлерде өрт хабарлағыштары мен улы газ датчиктерін орнату, сондай-ақ жылыту және электрмен жабдықтау жүйелеріне жөндеу жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, биылғы жылдың басынан 113 датчик орнатылды, 2018 жылдан 3677 датчик орнатылды, – дейді Мұрат Қатпанов.

Пештен қауіп мол

2023 жылдың басынан облыс аумағында 507 өрт болса, оның 297-сі – жеке тұрғын үй секторында болған. Ал, өрттің негізгі себебі – электр жабдықтау мен тұрмыстық электр аспаптарын дұрыс пайдаланбау, пеш жаққанда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу. Департамент басшысы ұсынған деректерге сүйенсек, 2022-2023 жылдардағы жылыту кезеңінде тұрғын үй секторында 237 өрт шыққан. Бұл жерде материалдық шығыннан бөлек, адам шығынының болғанын да айту

керек. Сәйкесінше, Мұрат Қатпанов жер үйдегілерді жылыту маусымы алдында уақытылы пештерін дайындап, жыртқық-тесік жерлері болса бітеп, кемі үш ай сайын пешті күлдеп отыру қажеттігін айтады.

– Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет. Ережені сақтау арқылы кез келген бақытсыздықтың алдын алуға болады. Кез келген жағдайда сөндірілмеген темекі қалдыруға, бір желіге бірнеше электр құрылғыларын қосуға болмайды. Одан бөлек, үйде жалған электр жылыту құралдарын пайдалану да қауіп туырады. Тіпті, пешті қатты қыздыруға да болмайды, – дейді департамент басшысы.

Көгілдір отын көсегені көгертеді

49 000 шақырымнан астам газ тарату желісін пайдаланатын, елдің газдандырылған 14 өңірінде 11 млн тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ететін ірі газ тарату ұйымы – «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Қарағанды өндірістік филиалы директорының бірінші орынбасарының міндетін атқарушы Асфат Олжабаев келтірген деректер

Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесі төмендеді



Жыл сайын Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында басқа да басым бағыттармен қатар экономиканың нақты секторын дамытуға, инвестициялар тартуға және мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін төмендетуге көп көңіл бөледі.

«Экономиканы мемлекет меншігінен алу – маңызды міндет», – деп атап өтті Президент. «Қазір бірқатар заңсыз жекешелендірілген және шетелге шығарылған активтер мемлекетке қайтарылуда. Біз ашық бәсекелестік экономиканы құрып жатырмыз, сондықтан оларды нарыққа беру керек, бірақ мемлекет үшін ашық және тиімді шарттарда болуы тиіс.

Жалпы, жекешелендіру және Халықтық IPO жүргізу процестерін айтарлықтай жеделдету керек. Басты мақсат – активтерді басқарудың ашықтығы мен тиімділігін түбегейлі арттыру». Мемлекеттің ірі активтерінің қатарында жергілікті атқарушы органдардың квазимемлекеттік сектор субъектілері мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың еншілес ұйымдары да бәсекелестікке беруге жатады.

Бұл бағыттағы жұмыс 2021 жылы Мемлекет басшысының Үкіметке Жекешелендірудің жаңа жоспарын қабылдау қажеттілігі туралы берген тапсырмаларын іске асыру барысында қолға алынды. «Мемлекетте тек әлеуметтік объектілер, сондай-ақ мемлекеттің қауіпсіздігі мен жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілер ғана қалуы тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2020 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын қабылдады, оған бәсекелестік ортаға беруге жататын ұйымдардың тізбесі, қадамдық іс-қимыл жоспары, сондай-ақ жекешелендірілетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізіміне енгізу критерийлері (қағидағары) бекітілді.

Өлшемшарттардың біріне сәйкестігі квазимемлекеттік сектор субъектісін жекешелендірілетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізіміне енгізуге бастамашылық жасау үшін негіз болып табылады.

Жекешелендірілетін ұйымдарды тізімге енгізу критерийлері:

- Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес келмейтін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру (192-баптың 1-тармағы);
- квазимемлекеттік сектор субъектісінің шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін белгіленген өлшемдерге сәйкестігі;
- монополияға қарсы органның квазимемлекеттік сектор субъектілерін бәсекелестік ортаға беру жөніндегі ұсынысының болуы;
- акциялардың бақыланбайтын пакетін (қатысу үлестерін) иелену;
- соңғы үш жыл ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша Даму жоспарын іске асыру не тиімсіз іске асыру;
- Кәсіпкерлік кодекске сәйкес айқындалған жобаның өтелу мерзімінің басталуы;
- монополияға қарсы орган ұсынған осы тауар нарығында Мемлекеттік кәсіпорындардың, квазимемлекеттік сектор субъектісінің болу мерзімінің басталуы;
- Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның атына квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектісін сатып алу туралы Жеке кәсіпкерлік субъектілерінен ұсыныстар түсуі.

Мемлекеттік меншік объектілерін бәсекелестік ортаға беру жекешелендірудің кешенді жоспарында көзделген бірқатар дәйекті іс-шараларды қамтиды.

Бірінші және ең маңызды кезең жергілікті атқарушы органның (облыстың, қаланың, ауданның) жекешелендіруге және бәсекелестік ортаға беруге жататын тізбеге енгізілген коммуналдық меншік объектілерін сату туралы шешім қабылдау болып табылады.

Келесі кезең – сауда-саттық түрін анықтау, бәсекелестік ортаға берілетін әрбір ұйымды сату алдындағы даярлау бойынша жол картасын әзірлеу.

Әрбір объект бойынша кешенді жоспарды уақытылы және тиісінше орындау мақсатында сатуға

қою жөніндегі іс-шараларды өткізу мерзімдері бар жол карталары Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында орналастырылған. Жол карталары ашық, қолжетімді.

Жекешелендірудің кешенді жоспарына енгізілген объектілерді сату алдындағы даярлауды және сатуды ұйымдастыру және өткізу. Ол тәуелсіз бағалаушының қызметтерін сатып алу арқылы жекешелендіру объектісіне бағалау жүргізуді, тендерлік комиссиялардың отырыстарын өткізуді, Сауда-саттықты дайындауды және өткізуді көздейді.

Жекешелендірудің кешенді жоспарына сәйкес ақпараттық қамтамасыз ету мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында жүзеге асырылады, онда мемлекеттік активтерді сату бойынша сауда-саттық өтеді. Барлық жобалар бөлінісінде жекешелендіру процесінің әрбір кезеңі бойынша толық ақпарат жарияланады.

Бұдан басқа, үкімет объектілерді көрсету мерзімдеріне тәсілдерді белгілейді, оған сәйкес 2022 жылдың соңына дейін кешенді жоспар объектілерінің 80%-на дейін қою көзделген.

Қаржы министрлігі іске асырудың жол карталары бойынша іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізеді.

Қарағанды облысының квазимемлекеттік сектор ұйымдарын іске асыру, қайта ұйымдастыру және тарату бөлігінде кешенді жоспардың орындалуы 94%-ды құрады.

2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарына Қарағанды облысының квазимемлекеттік секторының 16 ұйымы және «Сарыарқа» ӘКК-нің 18 еншілес ұйымы кірді.

2021-2023 жылдары коммуналдық меншіктің 15 ұйымын кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру және сату рәсімдері жүргізілді, оның ішінде, 11 ұйым – өңірлік БАҚ сатылды. Облыс бюджетіне шамамен 34,0 млн. теңге түсті.

2025 жылға дейін кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға бір ұйым бар. Оны сатудан шарт аяқталғаннан кейін бюджетке 6,2 млн. теңге түседі деп жоспарлануда.

Квазимемлекеттік сектор ұйымдарының сауда-саттықтарында сатылмаған жағдайда кешенді жоспарда басқа ұйымдарға қосылу жолымен қайта ұйымдастыру немесе оны тарату жөніндегі норма көзделген.

Осылайша, өткізілмеген үш сауда-саттықтың нәтижелері бойынша үш ұйым таратылды.

2024 жылы бір акционерлік қоғамды жекешелендіру жоспарлануда.

«Сарыарқа» ӘКК кешенді жоспарының орындалуы 72%-ды құрады. «Сарыарқа» ӘКК-нің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жекешелендіру жоспарына енгізілген 18 ұйымның 2021-2023 жылдары 13 еншілес компания бәсекелестік ортаға берілді.

«Сарыарқа» ӘКК басқармасы бекіткен кесте мен жол карталарына сәйкес 2023 жылдың соңына дейін тағы 4 ұйымды іске асыру жоспарлануда.

Жекешелендіру – бейінді емес және мемлекеттік міндеттерге тән емес активтерді босату және жекелеген қызмет салаларын бәсекелестік ортаға ауыстыру құралы болып табылады. Осылайша, 2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру нәтижесінде ӘКК еншілес ұйымдарын ескерте отырып, Қарағанды облысының квазимемлекеттік сектор ұйымдарының саны 6%-ға қысқарды.

Әрбір жекешелендіру объектісі бойынша егжей-тегжейлі ақпарат, сату мерзімі, меншік түрі, сауда-саттық әдісі, бағалау құны және барлық қажетті ақпарат e-qazu.kz Мемлекеттік мүлік тізілімі порталында орналастырылған.

Қарағанды облысының экономика басқармасы



Шамшырақ



Білім саласына арналған қосымша

ЖАС ҚАЛАМ

Ұстазға алғыс

Еңбек пенен ізгілік, талаптылық, Самғайды олар білімді қанат қылып. Мен күн нұры шуағын сезінемін, Келбетіне ұстаздың қарап тұрып.

Ұстаз деген – үміттің ұлы таңы, Мұны қалай адамзат ұмытады?! Мұз көңілді ұстаз ғой жібітетін, Суып қалған жүректі жылытатын.

Ақ-қарасы өмірдің таласқанда, Ей, адамдар, қараңдар қара аспанға. Мен ұстазды жұлдыз деп есептеймін, Қараңғыда жол таппай адасқанда.

Ұстаз біткен ғаламда алтын адам, Ұстаз көрген кіл мықты, арқыраған.

Мен ұстаздың көзіне қараймын да, Өмірімді көремін жарқыраған.

Мектеп – өмір, зулайды қызықпенен, Білім – теңіз, маржанын сүзіп келем. Ұстаз маған қол созып жағада тұр, Мен толқынмен тербеліп жүзіп келем.

Бағаландар ұстазды, саяландар, Қадіріне жетіндер, аяландар. Мына ғалам ұстазсыз түнек болар, Құрметтейік, бас иіп, ей, адамдар!

Әмір ӘУБӘКІР,
Шәкәрім атындағы гимназияның 10-сынып оқушысы

ҚАРАҒАНДЫ



СЪЕЗД

Сала санлақтарының салтанаты

Қазақстанның оқу-ағарту саласы қызметкерлері мен ғалымдарының съезі алғаш рет 1924 жылы өткені тарихтан белгілі. Съезге көрнекті мемлекет қайраткерлері, «Алаш» партиясының жетекшілері қатысып, оқулықтар дайындау, мұғалімдерді даярлау бойынша техникумдар мен институттар ашу, араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшу және т.б. білім берудің өзекті мәселелері талқыланды. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында мұғалімдер съезі 1998 және 2005 жылдары өткізілген екен. Биыл алғаш рет білім беру қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай елордада Республикалық педагогтер съезі өтеді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Биыл Республикалық педагогтер съезі алғаш рет Үкімет қаулысымен бекітілген – Мұғалімдер күніне орай 5 қазанда, яғни, бүгін өтеді. Бұл мереке дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілген болатын. Оқу-ағарту министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, съез аясында арнайы ұйымдастырылған

ТАРИХИ ТУЫНДЫ

Рух берген «Оян, қазақ!»

«Оян, қазақ!» фильмінің көрерменге жол тартқанына көп бола қойған жоқ. Осы уақыт ішінде тарихи туындыны тамашалағандар қарасы қалың. Алаш арыстары мектеп бағдарламасында оқытылатын болғандықтан, мұғалімдер мен оқушылар тарихи оқиғаны кітаптан біліп қана қоймай, көзбен көруге асық. 6 сериялы фильмінің екі сағатқа сыйғызылуы қысқалықты жақсы көретін тура бүгінгі заманның жастарына лайықталғандай. Сонымен, өмірдегі оқушылар мен мұғалімдер фильмнен қандай әсер алды?



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Күні кеше Қарағандыда «Оян, қазақ!» фильмінің тұсаукесері өтіп, шығармашылық топ өкілдері келген болатын. Фильмнің ерекшелігін, түсірілу барысындағы қызықты да қиын сәттерімен бөліскен еді.

«Сарыжайлау» кинотеатры директорының орынбасары Ноян Жүнісов фильмді көруге, әсіресе, жастардың көптеп келіп жатқанын айтты.

– Кинотеатр залы лық толы. Кино республика бойынша прокаттан шығады. Апта басында фильмді көруге мектеп оқушылары келді. Біз бүгінде Қарағанды қаласының әкімдігімен бірлесіп, «Барлығына арналған өнер» жобасын жүзеге асырудамыз. Жоба аясында сейсенбі күні Қарағанды экономикалық университетінің студенттері келіп, тамашалады. Бұл фильм – қазақтың өткен тарихы ғой. Сондықтан, жастардың өткенді білуге деген құштарлығы қуантады, – дейді Ноян Үдербайұлы.

«Сарыжайлау» кинотеатры сайтында фильм сеансы көрерменге ыңғайлы уақытқа қойылғанын байқауға болады әрі қолжетімді бағада билеттер бар.

Қарағанды қаласында Абай атындағы мектеп-гимназияның биология пәнінің мұғалімі Арайлым Сейітжанқызы айтуынша, мектептен әр сынып оқушылары жетекшілерімен бірге барып, бір ғана мектептен 300-ден аса оқушы киноны тамашалаған көрінді.

– Қазір жастар көп сериялы фильмді теледидардан немесе ютубтан көріп, уақыт жоғалтқысы келмейді. Көпшілігі дерлік кинотеатрларға асығады. Сондықтан, тарихи туындыны кинотеатрда көретіндей лайықталып жасалғаны көңілге қонды. Міржақып Дулатұлының өмірін бір туындымен немесе бір сериалмен толық қамту мүмкін емес. Дегенмен, «Оян, қазақ!» фильмі арқылы көрермен тарихқа, өткенге бір көз жүгіртін шықты. Қазақ халқының, ел қамын жеген қоғам қайраткерлерінің бастан кешкен ауыр кездері оқушыларға да әсер етпей қоймайды. Келесі күні оқушылар сабақ үстінде кинодан алған зор әсерлерін айтып жатты, – дейді Арайлым Ғазизқызы.

Дәл осы мектептің барлық ұжымы «Оян, қазақ!» фильмін тамашалауды жоспарлаған екен. Бұл да – көңіл сүйсінетін іс.

Ал, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ләззат Сатыбалдина ұлт ұстазының атын иеленген мектепте Алаш арыстары туралы тереңірек мәлімет берілетінін тілге тиек етіп, тарихи туындыны көру, тарихтан тәлім алып, өткенге тағзым жасау – басты парызымыз деп біледі.

– Жастар бойына ұлттық құндылықты дарытуда кинематография саласы да өз үлесін қосуда. Бүгінгі таңда отандық туындылар қатарын толықтырған «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі көрерменнің жүрегінен орын алды. Тарихымыздан сыр шертетін төл туындыларымызды дәріптеу мақсатында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия оқушылары «Міржақып. Оян, қазақ!» фильміне барып, ерекше әсер алып қайтты. Фильмді көргенде олар көзіне еріксіз жас алды. Ел қамын ойлаған ұлт жанашырларының орны тоғыз қызметі мен ұлт болашағы үшін басын бөйгеге тигуі, үлкен ерлік жасауы, сонымен қатар, қайғы мен қуанышы қатар келген оқиға желісі оқушы бойында патриоттық сезімін оятып, көкірек көзін аша білді.

Ұлт тағдыры алмағайып уақытта тұрған дәуірде ел үшін, жер үшін, тіл үшін жанын берген ұлт жанашырларының ерен еңбегін ескеріп, кеудемізде мақтаныш сезімі мен құрмет сезімін ұялата-тын аталмыш туындыны әрбір қазақстандықтарға көруге кеңес береміз, – деді Ләззат Сатыбалдина. Мұғалімдердің көпшілігі оқушылардың фильмді бастан-аяқ тапқырмай көргенін, рухтанып шыққанын айтты.

– Кинода әсер еткен ерекше сәттер көз алдыма. Әсіресе, Міржақыптың аштан қырылып жатқан халқын сақтап қалу үшін Торғайдан мал айдағаны, «Қазақым, аштан өліп жатқанда, мен қалай тамақ ішемін» деген жана-шырлығы маған үлкен ой салды. Ал, Міржақыпты ату жазасына кесетін сәтте кейіпкердің атылмай қалғанына қуандым. Міне, киноның осы тұстары зор әсер сыйлады. Кино ел қамын жеген ерлер сияқты болуға үндейді, – дейді Шәкәрім гимназиясының 8-сынып оқушысы Айдар Қосманов.

Халық ісіне бар болмысымен бүтіндей беріліп, «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан сұрауаң жараса, Алаш!» деп жар салған Міржақыптың елі үшін еткен ісін паш ететін көркем туындыны көруге асығайық!

МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ

Мұғалім миссиясы

«Аймақта ұстаздықты кәсіп емес, ұлы қызмет дейтін кім бар?» деп көпке сұрау салғанда жалпақ жұрт Мөлдірді айтқан-ды. Әділ бағаны көптен асырып кім қояды? Шәкірттерінің білім долдасында топ жарып жүргенін, мұғалімдікті жан-тәнімен шын жақсы көретіндігін, былтыр елімізде «Үздік ұстаз-2022» жеңімпаз танылғанын төңірегі ғана емес, түгел жұрты тілге тиек еткен. Халық айтса, қалып айтпайтыны әманда аян. Өңірде емес, республикада үздік танылу екінің бірі, егіздің сынарының пешенесіне бұйыра бермейтін бақ екені анық енді. Ол болса, Мөлдір Жақсыбайқызының жиырма жылға жуық мұғалімдік еңбегінің нәтижесін көрсеткен бір белесі ғана іспеттес. Алда әлі талай асу бар.



Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Бүгінде «Үздік ұстаз» – Мөлдір кім? дегенге келсек, педагог-зерттеуші, пән олимпиадасында республикалық жүлдегер жүйрігін баптаған ұстаз. Шыны керек, шәкірттері олимпиадаларда бәйгені шапнай алатындай деңгейіне ел куә. Оның өзі ұстаздың ұстамы қандай екенін аңғарта керек-ті. Ал есімі «Қарағанды облысының білім саласындағы 100 жаңа есім» қатарынан табылды. Тегін емес-ті. Мұның өзі де соқырға таяқ ұстатқандай айқын біраз ақпар береді емес пе?

«Бір қызығы мен мұғалімдікке жүрек қалауымен келгеніммен, ең алғаш ағылшын тілі мұғаліміне кызықтым. Алайда, өзімнің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімінің нұсқауымен қазақ тілі мен әдебиет пәні мамандығын таңдадым. Ұстазым «Сен ананнан ұстаз болып туғансың» дегенді жиі айтатын.

Қазір ойлаймын, расында да солай екен деп. Ұстаздың көргендігіне тәнтімін. Ал бүгінгі ұстазға қойылатын талап пен жүгіріп жүріп өмір сүретін өзімнің ұстаздық құмырыма қарап, жалпы осы күні мұғалімдікке кездейсоқ келген мамандар жоқтың қасы деп білемін», – дейді Мөлдір Жақсыбайқызы. Лайым, солай болғайды. Өйтпесе, ұстаздың қолында ұлт болашағының кілті тұрғаны баршаға мәлім. Оны күнде жар салып, айта бермесек те, көкіректе сайрап жатқан дүние.

Енді мұғалімдік миссияға адал болу үшін қайтпек керек? Осы тұрарсындағы сауалға Мөлдірдің өз философиясы бар. Ол – алдымен «адамдық миссияға адал болуы керектігі».

«Мұғалімдік миссияға адал болу үшін, алдымен адамдық миссияға адал болу керек пе деймін. Жақсы адам болмай, жақсы мұғалім де бола алмайтын шығармыз. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаев: «Мен шәкірттің шырағын жағу үшін мектептемін» деген екен. Егер ұстаз өн бойына оқушыға деген, өз мамандығына деген сүйіспеншілікті жинақтаса – ол нағыз ұстаз бола алғандығы. Мен, расымен, ұстаздығымды шексіз сүйемін. Оған күніне мың себеп табылады. Өзімді бұрынғы мұғалім мен қазіргі мұғалімнің ортасындағы көпір іспетті сезінемін. Қазіргі жаңашылдықтың берері де көп, бүгінгі мұғалім сабақ берудің түрлі тәсілін менгерген, әртүрлі платформаларды қолданып, түрлі әдістер арқылы баланың қызығушылығын арттыра алатын шебер адам. Бірақ өз басым әдіс

қуалап, өзгеріс жасаймыз деп өзегіміз талып, ішкі құндылығымызды, өзіміздің тағылымды тәрбиемізден ажырап қалмасқа екен деймін. Ұлттық болмысымыздан алыстамай жаңаруымыз керек.

Менің миссиям: Айтарым бар, айтып та жүрмін бірақ, Бөтен сөзден, басқа ойдан тұрмын жырақ. Ұстаздықтың ұлықтап ұлы жолын, Осы жолда мәңгілік қылдым тұрақ.

Әдебиетті «өмір» деп біл демекпін, Әдебиетті «өнер» деп сүй демекпін. Сөз құдірет жөнімен сөйлей білу, Жаратқаннан берілген сый демекпін.

Бір Алладан келетін несібемнің, Бұйыртықанын бөліп жеп өсіп едім. Енді өзім де ізімнен ергендерді, Адамдықтан аттатпай өсіремін» дейді Мөлдір.

Мөлдір мұғалімнің ойынша, ұстаздың беделін заң емес, ұстаздың өзі көтереді.

«Ұстаздың беделі заңмен көтеріледі деп ойламаймын. Ұстаз өз беделін өзі көтереді. Алайда, «Педагог мәртебесі туралы» заң – мұғалімдік мамандыққа сұранысты арттырған сияқты. Оған бүгінгі болашақ мұғалім – студенттердің көптігі дәлел. Кезінде қоғамның талқылауындағы ұстаздар жайлы келенсіз пікірлерден кейін ойымды былай деп қағаз бетіне түсіріпін: Кетірмейік ұстаздық бағамызды, Жаман ұғым баспасын санамызды.

Өзімізді өзіміз бейшара етпей, Тек өзіміз емдейік жарамызды.

Себебі, Бақытымыз біздердің шәкірттерде, Баршаға аян, жатпайды жақұт жерде. Мұғалімдік – ең таза мамандық қой, Барын тегін беретін шәкірттерге.

Біз, мықтымыз, адалмыз, тап-тазамыз, Біздер жайлы жазылған апақ аңыз. Саясатпен, билікпен, басқасымен, Атымызды аяққа таптамаңыз!..» Ұстаз-жүректегі ақын-тілек – осы. Бұдан соң ұстаз «Азбайтұғын адамның алтындығы» (Гафу) екеніне шүбәсіз сеніп, куәсіз қол қоймай қайтесіз?! Не десек те, расымен, «Ұстаз болу – сезімнің ақыдығы».



жаттықтырушылар, жас мұғалімдер, білім беру ұйымдарының басшылары, білім беру жүйесінің ардагерлері сөз сөйлейді.

Республикалық педагогтер съезінде орта білім беру сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінбек. Білім беру сапасын арттырудың

тұжырымдамалық аспектілері пленарлық отырыста Оқу-ағарту министрінің «Білім сапасы: жайкүйі және жетілдіру жолдары» баяндамасында жарияланады. Бұл күні еліміздің үздік педагогтерін марапаттау рәсімі де өткізілетінін айта кетейік.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Ұлы жолды еңсерген ұстаз

Кей адам белгілі бір мамандықты меңгеріп, қыр-сырына үйіліп, өмірінің соңына дейін сол мамандыққа адалдығын танытады. Кей адамның сөйлеген сөзінен, жүрген жүрісінен қай саланың маманы екенін жазбай танысың. Ондайда «Осындай мамандыққа Алланың өзі жаратқан екен» деген ой түйесің. Сондай ізгі жанның бірі – 38 жыл ұстаздық еңбек еткен А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сабира Күлпейісова.



Иә, дәл солай, мұғалім болу, шәкірт тәрбиелеу – оңай мамандық емес, қиыны мен қызығы қатар жүретін қасиетті мамандық. Осынау мамандықтың несі болған Сабира Күлпейісова 1984 жылы Алматы қаласында Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетін аяқтады. Сол жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Ақши ауылында еңбек жолын бастады.

«Жас келсе – іске» демекші, институт қабырғасында алған білім нәрін бала бойына сіңіре білді, шәкірт тәрбиелеуде аянбай тер төгіп, тынымсыз еңбек етуінің арқасында қаншама шәкірттің жүрегіне жол тауып, олардың алғысына бөленді. Мен алғаш жас маман болып, Қарағанды қаласындағы А.Байтұрсынұлы атындағы мектепке орналасқаннан бері маған тәлімгерлік етті. Енді ғана көктеп келе жатқан жас бұтақтың қисаймай өсуіне себепші бағбан, шәкірттің жүрегіне жол тауып, олардың бойына даналықтың, жақсылықтың, ізгіліктің дәнін себе білген ұстаз болды.

Әр баланың пәнге деген қызығушылығын ояту – мұғалім шеберлігінде. «Жай мұғалім хабарласа, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» демекші, Сабира Ізбасарқызы жалқаулықты білмейтін, шаршағанын сезбейтін, уақытын аямайтын, өзінің бар білімін оқушыға үйретуден аянбайтын ұстаз. Тіпті, оқушылары да ұстаздың білгеннен де көп білсем екен деп армандайды.

Ұстаздың білім жолындағы жетістіктері жетерлік. Шәкірттері – қала, облыс, республика көлемінде әртүрлі сайыстардың жүлдегерлері, грант иегерлері. Ұлттық біріншілік тестілеуден де үнемі жоғары нәтиже көрсетеді. Өзі де ерінбей әлі күнге дейін баспа беттеріне мақала жазып, бар білгенімен, тәжірибесімен бөлісіп отырады.

Сабира Ізбасарқызы ұстаздық жолда отыз сегіз жыл еңбек етті. Биыл бейнетінің зейнетін көріп, құрметті еңбек демалысына шықты.

Биыл зейнетке шыққан ұлағатты ұстазға зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілеймін. Шанырағының немерелердің күлкісіне толсын, бейнетіңіздің зейнеті ұзғынан болсын! Шәкірттеріңіз аламанның алдында жүрсің!

Толғанай СЕЙІТЖАНОВА,
ұстаз шәкірті

• МҰҒАЛІМ ТӘЖІРИБЕСІ

BYOD – сабақтағы тиімді технология

«Өз құрылғыңды ала кел» BYOD (Bring your own device) – бұл дәстүрлі оқу үдерісі туралы түсініктерді өзгертетін және оқушылардың назарын пәнге аударатын және танымдық қызығушылығын тудыратын технология. Мектеп оқушыларының барлығында смартфон, планшет бар. Оқушылар мектепке ұялы құрылғыларды үнемі әкеледі және негізінен ойындар үшін, әлеуметтік желідегі байланыс үшін пайдаланады. «Осы заманауи техниканың жетістігін сабақта неге тиімді пайдаланбаққа» деген ой келді. Ұялы телефонның оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға көмегі қаншалықты деген мәселені зерттеуге бел будым.

Бірінші зерттеу сабағымды «Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары» тақырыбында «Nearpod» бағдарламасына өткіздім. Бұл сабақ ұялы телефон көмегімен оқушылардың жеке жұмыс жасауына сай ұйымдастырылды. «Nearpod» бағдарламасының интербелсенді сабақтарды өткізуге арналған бұдан басқа бейнефильм, слайд, презентация, 3D, 360° панорама, сауалнама құрастыру, ашық сұрақтар беру, сәйкестендіру, тест сияқты тағы басқа қосымшалары толып жатыр.

Жаңа сабақ осы бағдарламада «Халықтардың этнолингвистикалық классификациясы, тіл әулеттері» тақырыбында бейнефильм көрсетуден басталды. Оқушылар «WhatsApp» тобына жіберілген сілтеме арқылы бағдарламаға қосылды. Бағдарламада бейнефильмді көрудің артықшылығы – қажет жерінде тоқтап, оқушыларға сұрақ ашылады, олар сол жерге өзінің не көріп, не түсінгенін туралы қысқаша жауап жазады. Яғни, бұл жерде кері байланыс та, жаңа ақпаратты бекіту де қатар жүреді. Оқушылардың қалай жауап бергенін мұғалім өз құрылғысы арқылы бақылап отырады. Мұғалім бейнефильм соңында оқушылардың жауаптарын толықтырады.

Жаңа сабақты түсіну, бекіту мақсатында «Тіл әулеттері мен тіл топтарын» сәйкестендіру тапсырмалары орындалды. «Шынды бағындыр» тапсырмасы геймификация түрінде өтті. Яғни осы тақырып бойынша сұрақтарға кім тез әрі жылдам жауап берсе, сол оқушы шыңға бірінші шығады. Кері байланыс осы бағдарламада өткізілді.

Сабақтың қорытындысына келер бол-



сақ, оқушыларға өзінің ұялы телефонында жеке жұмыс істегені, әркім сабақты өзінің жылдамдық деңгейінде меңгергені өте ұнады. Сабақтың геймификациялануы оқушылардың танымдық қызығушылығын тудырды. Рефлексиядан балалардың өте белсенді болғанын және тақырыпты жақсы меңгергенін, сабақтың қызықты өткенін байқауға болады.

Екінші зерттеу сабағы – «Дүниежүзі халқының діни құрамы» тақырыбы ұялы құрылғымен қатар дәптерге жұппен жұмыс істеу арқылы өткізілді. Сабақ үй тапсырмасын «Kahoot» бағдарламасы бойынша сұрақтарға жауап беруден басталды. Одан әрі бейнефильм көріп, оны талқылағаннан кейін «Merge Object» бағдарламасы бойынша Таж-Махал мешітіне, Ежелгі майя пирамидасына

деу, бөлісу, алған ақпараттарын сараптау, талдау, қажетін таңдап алу арқылы жұмысты орындау барысында белсенділігі артып, танымдық қызығушылығы оянып, тапсырманы толық орындап шықты және бағдарламамен өткен сабақ балаларға жақсы көңіл күй сыйлады. Ғаламтор желісінде қазақ тіліндегі ақпараттардың аздығы, ұялы телефондарда интернеттің жоқтығы және оның ескі модельде болуы

сабақ барысында қиындық туғызды.

Данара МҰХТАРОВА,
Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы
тірек мектебінің (ресурстық орталық)
география пәні мұғалімі

Бұқар жырау ауданы

• ӨЗ ОЙЫМ...


Көшбасшының еңбегі көпшілікпен бағалы

Ақылды, зерек, ізденімпаз, ойшыл, намысшыл, қайратты, жанашыл, саналы тағы да осы секілді салмақты сөздер қатарын жалғастырып жазба беруге болады. Бұл сипаттама – жеке тұлғаға, яғни, көшбасшы адамға тән қасиеттер. Мектеп басшысының көшбасшылық әлеуетіне баға беру қиын. Себебі, ұстазға сыншы – оқушы болса, басшыға сыншы – жүздеген ұл мен қыздың ата-анасы, ұжым, үмітін үкілеген шәкірттер.

Кез келген жан әлеуетті болу үшін алдымен алдына айқын мақсат, жүйелі жоспар қоя білгені жөн. Халқымыздың «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген мақалы бар. Егер адамның алға қойған арман-мақсаты болмаса, ол жай ғана өмірдің ағысымен жүрген жан, ал дұрыс мақсат қою білім мен тәжірибеге байланысты.

Менің ойымша, білім беру саласындағы мектеп басшыларының көшбасшылық әлеуеті – оқушылардың табысты оқып, жоғары нәтижелерге қол жеткізудің қамтамасыз ету, білім туралы ортақ ұстаным қалыптастыру, әр шәкірттің оқу үлгеріміне алаңдаушылық білдіру.

Ғұламалардың габриатын өмірлік темірқазығымызға айналдыру ауадай қажет-ақ. Американдық кәсіпкер, ірі болат өндіруші, миллиардонер және филантроп Эдвард Карнеги «Барлығын өзі істеп, барлық еңбектің жемісін өзінің атына алғысы келетін адам көшбасшы бола алмайды» депті. Иә, шынмен де өзгелерді алға шығарып, жемісін ортақ абыройға айналдыру үшін де дара көшбасшылық



қабілет пен хакім Абай айтқан үш асыл қасиет керек-ақ.

Білім беру саласының көшбасшылары да өз әлеуетін көрсету үшін ең алдымен қажыр-қайратын мектептің дамуына, әлеуметтік, кәсіби серіктестіктің қанатын

кенге жаюына жұмсауы қажет.

Мәселен, өз тәжірибемде оқыту мен оқудың сапасын зерттеп-зерделеуді күнделікті сабақтар арқылы да жасауға болатынын түйдім. Қазіргі таңда республика, облыс деңгейлерінде едәуір инновациялық, әлеуметтік жобалар жүзеге асуда.



«Оқуға құштар мектеп», «Зейін» атты жобалар солардың қатарында. Бірінші жоба аясында әр мектеп өз шығармашылығын шыңдап, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жұмысын көрсетуде. Екінші жобада оқушылардың функционалды сауат-

тылығы мен мектептердің білім сапасы артып, шәкірттер түрлі дәрежедегі байқаулардан жүлдегер атануда. Міне, бұл жерде мектептің оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгерістер енгізуде табандылық пен жанашылдық танытып, ынтымақты ұжым болып біріге жұмыс жасау арқылы ғана мектептің әлеуеті көтеріледі деген ойдам.

Кей сәттерде басшының көшбасшылық әлеуетіне жеке тұлғалық қасиеттері де әсер етеді. Қажет кезінде қаталдық таныту, уақытты бағалау, байсалдылық, сенімділік, дәлдік пен көрегендік ұжымның ұйытқысына сеп болуы да ғажап емес. Қаталдық – тәртіпке шақырса, уақытты бағалау – нәтижелі жұмыс жасауға, сенімділік – өзгелерге күш-қуат сыйлауға, көрегендік – адамның ішкі жан дүниесін тануға түркі болары сөзсіз.

Сондықтан, әр басшының білім беру саласындағы көшбасшылық әлеуетінің бағасы ізгі қасиеттерді бойға жинауына байланысты. Адам әлемінің айнасы, еңбегінің өлшеуіші – бұқара қауым, қалың көпшілік. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей көшбасшыны тану да көптің ісі, ұжымның бірауыздан берілген бағасы болып қала бермек.

Гүлбаршын МЫҚЫШЕВА,
Жамбыл Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясының директоры

Шет ауданы

• БАЙҚАУ

Балалар бақ сынады

№15 жалпы білім беретін мектепте қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында «Республикалық балалар оқулары» байқауының қалалық кезеңі өткізілді. Аталған сайыс «Балалар әлемі» жобасы аясында ұйымдастырылды.

Іс-шарада қалалық білім бөлімінің әдіскері Айгүл Қадыр және №15 ЖББ мектебінің директоры З.Ахмедия алғы сөзінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамытатын, балалардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыратын және

патриотизмге тәрбиелейтін байқаудың маңыздылығын атады.

Балалар үшін үнемі оқу танымдық көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Оқу сізге әлемді және өзіңізді жақсы білуге

көмектеседі» деген. Сондықтан да мұндай байқаулардың балаларға берері мол.

Байқаудың қалалық кезеңінің ұйымдастырылуы білім бөлімінің әдіскері А.Қадыр және қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері және әдістемелік бірлестіктің жетекшісі А.Көшерханованың бастауымен жоғары деңгейде өтті.

Қарағанды қаласы бойынша «Республикалық балалар оқулары» байқауында қалалық кезеңнің жүлдегері атанған №4 ЖББ мектептің 8-сынып оқушысы Ақгүл



Абдигаликова және №17 ЖББ мектептің 9-сынып оқушысы Дияра Тукитаева, Б.Момышұлы атындағы ЖББ мектептің 10-сынып оқушысы Еркежан Кәрібай

байқаудың облыстық кезеңіне өтті.

Жанар САДЫҚ,
№15 ЖББ мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

• ИННОВАЦИЯ

«Ақылды үйдің» артықшылығы

Ғалымдардың зерттеуінше, 2050 жылға дейін жер бетіндегі минералды ресурстар таусылуы мүмкін. Ал адамзат қашан да табиғатқа, табиғаттан алатын ресурстарға тәуелді. Десе де, адамзат мұның қадіріне жетпей жүр. Минералды ресурстарды, табиғи газды, су энергиясын, яғни гидроэлектр қуатын мөлшерден тыс қолданып, шығынға ұшыратуда. Оны қайта қалпына келтіру мыңжылдықтардың еншісінде. Алайда оны алмастырудың амалы бар. Ол үшін баламалы энергия көздерін пайдалану керек. Жаһандық проблемаларды қарастырып, осы тақырыпқа кезіккен Қарағанды қаласындағы №2 «Білім-инновация» лицей-интернатының 10-сынып оқушысы Алина Абсадықова баламалы энергия көзін, литий-ионды аккумулятормен «Ақылды үй» үлгісін өзінің ғылыми жобасына арқау етті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalıq Qazaqstan»


Алина Абсадықова – республикалық және халықаралық олимпиадалардың жүлдегері атанып үлгерген дарынды оқушы. Былтыр ол облыстың «Жыл оқушысы» байқауында жүлдегер болды.

Бүгінгі күннің өзекті проблемасын ғылыми жобаға арқау еткен жас ғалым бір гаджеттің көмегімен басқарылатын «Ақылды үй» жасауды көздейді. Артықшылығы – баламалы энергия көзін пайдалану арқылы қоршаған ортаны қорғау. Литий-ионды аккумулятормен алмастыруды Білім-инновация лицей-интернаты физика пәнінің мұғалімі Альфия Бақытбекқызы ұсынған. Өз ізденісінің нәтижесінде оқушы осы тақырыпты зерттемек ниетте.

– Баламалы энергия көздері – ең таза жолмен алынатын қуат көзі. Біз оны қолдану арқылы қаржы үнемдейміз. Әрине, бастапқыда үлкен инвестиция салу керек. Нәтижесінде адамдар жайлылықта, таза ауада өмір сүреді. Ал көмір жағу өте көп қаржыны талап етеді. Баламалы энергиялар 24/7 қолжетімді емес, сондықтан оларды литий-ионды аккумулятормен алмастыра аламыз. Яғни, «Ақылды үй» күні бойы баламалы энергия көмегімен өз жұмысын атқарса, күн батқаннан кейін литий-ионды аккумулятор өз жұмысына кірісетін болады. Ал сіз үйіңізді тек бір гаджетпен бақылап, қадағалай аласыз, – дейді Алина.

Оқушының айтуынша, баламалы энергия біздің елімізде жеткілікті дамымаған.

– Жапонияда адамдар нәліктен ұзақ өмір сүреді? Себебі оларда минералды ресурстарды шектен тыс пайдалану деген ұғым жоқ, олар баламалы энергиялармен көмір, мұнай, газды алмастырған. Сондықтан олар таза ауада және ұзақ өмір сүреді. Егер біз елімізде баламалы энергия жұмысын дамытатын болсақ, бізден де көп-



теген өзгерістер байқауға болар еді. Ал «Ақылды үйді» толық жабдықтау бізде енді-енді қолға алынууда. «Смарт үйді» жабдықтаумен айналысатын компаниялар құрылғыларды шет мемлекеттерден сатып алады. Сондықтан да олар бізде әлдеқайда қымбат, – дейді жас ғалым.

Біздің елімізде 5 жыл бойы «Смарт үй» жасаумен айналысып келе жатқан Connectedhome компаниясы бар. Құрылғыларды Қытайдан алдыртады. Ал ел ішінде «Смарт үй» жасалып жатқаны аз көрінеді.

«Көмір ауаны ластайды. Сол ауада тыныс алатын өзіміз. Денсаулыққа зиян екені белгілі. Көмір жағу азайып, ауа тазартатын болса, адамдардың өмір сүру ұзақтығы артатын еді. Оның орнын алмастыратын баламалы энергияның құралдарын, генераторларын, т.б. елімізде қазірден өндіретін болсақ, экологиялық әрі экономикалық жетістіктерге жетуге сенім мол», – дейді өнертапқыш оқушы.

«Ақылды үй» термині «Болашақ үйі» немесе «Смарт үй» деп те аталады. «Смарт үйі» – бұл жайлылықты, қауіпсіздікті, энергия тиімділігін және тұрғын-

дарға ыңғайлылықты арттыру мақсатында әртүрлі электронды құрылғылар мен автоматтандыру жүйелері біріктірілген тұрғын үй ортасының тұжырымдамасы. Онда энергияны айтарлықтай үнемдей алатын ақылды терморегуляция, жарықты қашықтан басқаруға болатын жарықтандыру, электр құрылғылары мен жарықтандыруды қосуға, өшіруге, қуат тұтынуын бақылауға мүмкіндік беретін ақылды розеткалар мен ажыратқыштар, қауіпсіздікті бақылайтын жүйе (бейнекамералар, дабылдар, қозғалыс сенсорлары, есіктер мен терезелерді ашу сенсорлары), Amazon Alexa немесе Google Assistant сияқты дауыстық көмекшілер секілді құрылғылар орнатылады. Бұл құрылғылардың барлығы гаджеттің көмегімен қашықтан басқарылып, энергия шығынын айтарлықтай азайтуға көмектеседі.

«Смарт үйді гаджет арқылы қалай басқарасыз?» деп сұрағанымызда, «әр жерде датчиктер орнатылатын болады. Сол датчиктер интернет арқылы гаджетке жалғанады» делі оқушы.

– Датчиктер өздері температура-ны қадағалап отырады, суып

кеткен кезде жылытады, ысып кеткен кезде суытады. Ал егер сіз үйде болмаған жағдайда оқыс жайт болса, ақылды құрылғылар оның дереу алдын алады. Датчик түн болғанын сезгенде пердені өздігінен жабады, температураға термостат жауап береді, үйін-

де кішкентай балалар бар болса, оларды бақылап отыру үшін «видео бала күтуші» (видеоиния) орнатылады», – деп, ақылды үйдің артықшылығын айтты. Ал литий-ионды аккумуляторлар жоғары энергия тығыздығын, жылдам зарядтауды, беріктікті, төмен разрядты және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін смарт үйлерде пайдалану үшін сенімді және тиімді энергия көзі болатынын атады.

Ғылыми жобаға мықтап кіріскен жас ғалым бүгінде өз ісін жетілдіру үстінде. Университет ғалымдарының, Connectedhome компаниясы қызметкерлерінің ақыл-кеңесін алып, тәжірибе алу және процессті бақылау үшін Көптірде орналасқан күн электр станциясына барған. Nohome сайтынан «Смарт үйдің» 3D үлгісін жасаған екен.

Алина осы жұмысымен қараша айында ғылыми жоба қорғаудан республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде бақ сынамақ. Оң нәтиже берсе, республикалық және халықаралық байқауларда осы жұмысын одан әрі жетілдіріп, қатысу ниеті бар. Ал біз жас ғалымға сәттілік тіледік!

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ольга ТИМ:

«Ұстазын сыйлаған ұрпақтың болашағы жарқын»

Тіл білгенге төрден орын беретін халықпыз. Ұлты неміс Ольга Тимнің қазақ тілін өзі біліп қана қоймай, өзгеге үйретіп жүргені көпке үлгі. Күні кеше өткен «Тіл жанашырлары» байқауында «Тіл білгірі» номинациясының жүлдегері атанған еді. Ұстаздар күнінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі, мемлекеттік тілді еркін меңгерген өзге ұлт өкілі, Қ.Сәтбаев атындағы гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ольга Тиммен аз-кем сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Ольга Германовна, қазақ тілін қалай үйрендіңіз?

– Мен Осакаров ауданы, Богучар ауылы, қазіргі Шұңқыркөл ауылында дүниеге келдім. Біздің көшесінде қазақтар тұрды. Тілге деген қызығушылығым сол бала кезде қалыптасты. Кез келген тілді үйрену үшін, әрине, орта керек. Қазақ балаларының ортасында ойнап өскен мен бала кезден қазақ тілін бір кісідей меңгеріп алдым. Тіл білетініме танымал қарайтындыр бар. «Қалай, қайдан үйрендіңіз?» деп сұрайды. Қазақстанда тұрып жатқан соң әр азамат мемлекеттік тілді білуі керек деп есептеймін. Өмірлік жолдасымның ұлты – қазақ, өз ұлтым – неміс. Біз үйде қазақ халқының салт-дәстүрін ұстанамыз, Наурыз көже дайындап, бауырсақ, шөлпек пісіреміз. Ең керемет әдет-ғұрыптың бірі – бала дүниеге келгенде жасалатын рәсімдер: қыркынан шығару, тұсауын кесу, сүндөттойын өткізу, т.б. Біздің әулет те көп ұлтты. Қазір балаларым қазақ

халқының да, неміс халқының да әдет-ғұрыптарын біліп, өсіп келеді. Тіл білетініме әлі де таңырқай қарайтындыр бар.

– Қазір мектепте қазақ тілін оқытып жүрсіз. Ұстаздық жолды таңдауыңызға не түрткі болды?

– 5-сыныптан бастап, мұғалім боламын деп өзіме мақсат қойдым. Мектепте қазақ тілі пәні – ең сүйікті пәні болды. Мектеп бітірген соң алдымда түрлі таңдаулар болды. Бірақ, мен жаным жақын мамандық – қазақ тілі пәнінің мұғалімі боламын деп шештім. Сөйтіп, «Болашақ» академиясына оқуға түстім. Мұғалім болу – оңай іс емес. Десе де, алғашқыда пәнді оқыту мен үшін аса қиынға түспеді. Өйткені, қазақ тілін білу деңгейіңді тілдік ортаның арқасында әбден жетілген болатын. Алғашқы еңбек жолым ауыл мектебінен басталды. Қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы гимназияда ұстаздық қызмет етемін.



– Сіздіңше, ұстаз бен оқушының қарым-қатынасы қандай болуы керек?

– Ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынас бір-бірімен байланысып, сабақтастық жатуы керек. Сол сабақтастық екі тарапты да алға жетелейді. Оқушылар ұстаздан үлгі-өнеге алады. Оқушылармен менен өзіне керегін сұрағанда, ешқайсысын жауапсыз қалдырмаймын. Мұғалім мен шәкірттің арасында сыйластық болуы керек. Ал ұстазын сыйлаған ұрпақтың болашағы жарқын болмақ.

– Достық үйінде қазақ тілін үйрететін «Мәміле» тілдесу клубының жетекшісіз. Мем-

лекеттік тілді меңгеруде этнос өкілдерінің белсенділігі, қызығушылығы қалай?

– «Мәміле» қазақ тілі тілдесу клубы 2019 жылы ашылған болатын. Қазіргі таңда клубта 38 адам қазақ тілін оқып жүр. Әртүрлі мамандық иелерінің тіл үйренуге ынтасы зор. Олардың арасында балабақша тәрбиешілері, мұғалімдер, актерлер, зейнеткерлер, журналистер, т.б. бар. Олардың ұлты да әртүрлі. Клуб жұмысы қазақ халқының тарихы және мәдени мұрасын, әдет-ғұрып-дәстүрлерін, менталитеті мен қазақ халқының өмірлік құндылықтар жүйесін зерделеу арқылы мемлекеттік тілді меңгеруді көздейді, бұл тілді меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге, қоғамда жеке және әлеуметтік деңгейде өзара түсіністік пен келісім орнатуға септігін тигізеді.

Қазақ тілін үйренгісі келетіндер саны күн сайын артып келе жатқаны қуантады. Достық үйінде орналасқан «Мәміле» қазақ тілі тілдесу клубының есігі әрдайым ашық.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан,
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ
«Ortalıq Qazaqstan»

• ҰСТАЗҒА ТАҒЫМ

«Жадымда тұрар жаңғырып...»

Ұстаз – ұлы ұғым, зор құрметпен айтылатын сөз. Ұстаз туралы ойға алғанда әр адамның кеудесінде өз ұстазына деген шыннай сағыныш отын маздайды. Өйткені алтын ұя мектептің табалдырығынан «тарайдай болып кіріп, таудай болып шығатын» жұмыр басты пенденің өмір бойы алғыс айтып, бас иіп өтер адамы – Ұстаз екендігі екі дүниедегі айнымас ақиқат. Біз бүгін «Менің Ұстазым!» деген жүректі елжіретіп, жан тербетерлік атқа лайық болған ұлағатты ұстаздарымыздың бірі – Айбөпе Қабдиева туралы ой толғағанды жөн көрдік.

Саналы ғұмырын бала оқытып, болашақ ұрпақтың бойына сапалы білім мен саналы да өнегелі тәрбиенің нәрін құюға арнаған Айбөпе Қабдиева 1947 жылы 22 тамызда Қарағанды облысы, Ульянов ауданы (қазіргі Бұхар жырау ауданы), Қылыш Бабаев (қазіргі Үміткер) ауылында дүниеге келген. 1954 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1963-1964 оқу жылында орта мектепті бітіреді. Мектепте оқыған жылдарында комсомол ұйымының белсенді мүшесі болған. Мектеп жанынан құрылған көркемөнерпаздар ансамблінде аккордеонда шебер ойнап, ансамбльдің сүйемелдеуімен жеке орындауда ән салған. 1964-1965 жылдары бухгалтер болып жұмыс істеп, 1965 жылы Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Институтты 1969 жылы аяқтап, өзінің туған ауылында математика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. 1973 жылы Қарқаралы ауданының қазіргі Қасым Аманжолов селолық округіне қарасты (бұрынғы Фрунзе атындағы совхоз) Аккора бөлімшесіндегі сегізжылдық мектепке математика пәнінің мұғалімі болып ауысып келді де, зейнет демалысына шыққанша үздіксіз қызмет атқарды.

Ол мұғалім деген мәртебелі мамандыққа шын лайықты жан бола білді. Өз ісіне берілген, әрқайсысымыздың жанымызға нұр құйып, содан бақыт тауып, бізді де бақытқа жеткізген ұстазымыздың жөні де, жолы да дара еді. Бастауыш сыныпты аяқтаған бізді ең алғаш қабылдап алып, сынып жетекшісіміз болған күннен-ақ екінші анамызға айналып, өмірдің қиындықтарынан жасымай өтуге даңғыл жол салды. Ұстазымыздың мейірімді жүзінен асықпай, мөнерлеп сөйлеген сөзінен әрқайсысымызға деген қамқорлықтың, аналық сезімнің жылы лебі есіп тұратын. Әр сөзді сыңғырлай айтқан үні, дауысы әлі күнге дейін құлағымызда жаңғырып тұрғандай. Айбөпе ұстазымыздың асыл қасиеттерді бойымы-



зға сіңіріп, санамызға сәуле құяғанын, келешегімізге бағыт-бағдар берер жолбасшы, зердемізді ашқан шамшырақ бола білгенін қалайша ұмытармыз?!

Ұстазымыздың жан дүниесі қандай сұлу болса, сырт келбеті де сондай сұлу болатын. Талғаммен киінетін. Шындығында, әр бала ұстазының киім киісіне, жүріс-тұрысына, іс-әрекетіне мән беріп, тіпті, кейбірі өздерін болашақта мұғалім ретінде елестетіп, мұғалімге қарап бой түзейді.

Бала тәрбиесіне өте үлкен көңіл бөлген, мән берген ұстазымыз өз ұрпағының да ұлттық рухпен суындап өсуіне көп күш салды. Соның жемісі болар, балалары Гүлмира, Ерлан, Гүлсая, Гүлден қатарының алды болып өсті. Үшеуі де анасының жолын қуып, бүгінгі таңда мұғалім болып қызмет жасайды.

Айбөпе Қасымқызының еңбегі елбегей қалған емес, өз кезіндегі мұғалімге лайықты аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Жылы жүректі, қарапайым, көңілі қардай аппақ Айбөпе ұстазымыз бәріне аяулы ана, асыл жар, ұлағатты ұстаз ретінде үлгі-өнеге бола білді. Біз, 1965 жылы туған шәкірттері, ұстаз ұлағатына бас иіп, сағынышпен еске аламыз. Ұстазымыздың ардақты есімі жүрегімізде мәңгі сақталады.

1965 жылы туған шәкірттері

Қарқаралы ауданы

• АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Кітапқұмар өрендер

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Шекарасыз – кітапхана» дәстүрлі ашық есік күні өтті. Оқушылардың білімге қызығушылығын арттырған шарада оқырмандар кітапхана жұмысының шартымен, жаңа ақпараттық мүмкіндіктерімен танысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Кітапхана қызметкерлері Қазақстанның көрнекті тұлғаларына арналған маңызды тақырыптық көрмелерден бастап, түрлі бағдарламаны ұсынды.

Оқушылармен жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер жастарды топтарға үйлесімді түрде бөліп, дайындалған қызықты ойындар, викториналар, көрмелер бойынша бөлімдермен таныстырды.

Кітапхананың демалыс алаңында орналасқан «Ізгі тілектер» бұрышы оқушылар назарын өзіне аударды. Құттықтаулар, тілектер мен ескертпелер қалдырған жастар алдағы уақытта мәдениет ошағымен қарым-қатынаста болатынын айтты. Хаттар ара-



сында «Кітапханадан тамаша әсер алдым және алдағы уақытта оқу бөлмесіне келіп, кітап оқимын деп мақсат қойдым», «Бұл кітапхананың атмосферасы ерекше», «Кітап қоры көбейсін!» деген жүрекке жылы тиер сөздер бар.

• ҰЛЫДАН – ҰЛАҒАТ

Ахмет ауылының алғашқы ұстазы

1916 жылдың күзінде Сәкен Сейфуллин қазіргі Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Ахмет төре ауылында мектеп ашып, ұстаздық еткен. Қазір сол мектеп Сәкен Сейфуллин атында. Мен ақынның ізі қалған мектепте білім алып жатқанымды мақтан тұтамын. Бұл білім ордасының тарихында қалған Сәкен ұстаздың еңбегі орасан.

Сәкен Сейфуллин – қазақ халқының зор тұлғасы, болашаққа күндей сәуле шашқан, тарихта мәңгілік із қалдырған ұстаз, жалынды жазушы, дарынды драматург. Ол «тар жол тайғақ кешіп» жүріп артына өшпес мұра қалдырды. Шәкірттерін ерлікке, өнерге, адамгершілік қасиеттерге баулыған, оларға үлгі бола білген. «Сәкен Бұғылы болысындағы подполковник Сұлтантөре Абылайұлының ауылында мектеп ашып, сабақты орыс тілінде жүргізуге кірісті. Көбі кедей балалары. Есейіп қалғандары да бар.

Дүйсенбектің Құбаши, Ержұманнның Ақылбегі, Баймағанбеттің Бекіші, әсіресе Жүсіпбектің Хамзесі бұрын молда алдын көргендігінен бе, жоқ орысша оқуға құмарлығынан ба, әйтеуір Сәкеннің қасынан шықпайды», – деп жазады академик Тұрсынбек Көкішев.

Қазақтың дархан даласында, мектебі жоқ ауылда, өкімет тарапынан балалар біліміне еш көмек берілмесе де, өз ынтасымен, өз күшімен мектеп ашып білім шырағын жаққан. Бала білімін қолына алып, тәлім-тәрбие берген. Әр балаға ерекше көңіл бөліп, өзінің болашақ еңбеккерлер мен кұрескерлерді тәрбиелеп жатқанын жақсы түсінді. Ол жалқау және жауапкершілігі жоқ балалар-



ға өте қатал болды. Олардың білімге, оқуға деген құштарлығын оятуға бар күш-жігерін салды. Оған дәлел ретінде Сәкеннің мына «Інішегіме» деген өлең шумағын ұсына аламын.

Ойынды қой, оқы інішегім,

алға бас!

Жарқыратып ақ нұрменен

көңіліңді аш.

Балалыққа жас миыңды

алдатпа,

Ғылым үйрен, нұрға толсын ке-

уден жас, – деп шәкірттерін оқуға,

ғылым үйренуге шақырды.

Шәкірттерінің Сәкен ұстазға деген махаббаты мен алғысы шексіз еді. Сәкенді үлгі тұтып, берген мейірімі мен шапағатын бағалай білді. Ұстазбен бірге жүргенде балалардың әр уақыты өте қызықты өтетін болған. Домбырамен ән айтып берген. Ауыл балаларының бойына ән тарап, ұстазындай өнерлі болғысы келген екен. Мәселен, Сәкеннің шәкірті Қ.Ақжановтың айтқан естелігінде: «Біз «Әуліп-дек» әні мен «Сары Жайлау» күйін С.Сейфуллиннің орындауында естідік. Оның бізді таң қалдырған,

тамсандырған, қайталанбас әдемі дауысы мен әннің әуезділігі есімізде қалып қойды. Біз, ауыл балалары, жылы жүзді, мейірімді, мәдениетті, білімді адамды бірінші рет көрдік. Мұнтаздай таза киім киіп, бізбен қарым-қатынасы, сұлу келбеті, жүріс-тұрысы, барлығы да біздің оған деген сүйіспеншілігімізді тудыратын» дейді.

1964 жылы «Тың өлкесі» газетінде Е.Тәжиннің «Ұстаз» атты мақаласы жарияланған. Осы мақалада Ахмет ауылының тұрғыны С.Сейфуллиннің шәкірті Құбаши Дүйсенбековтің сұхбаты жарияланған. Онда: «Сәкен Сейфуллин оқушыларға жақсы білім беру үшін әрбір сабағына мұқият, тыңғылықты дайындалады. Мектептен кейін екі-үш сағат ауыл жанындағы Нұра өзені бойында табиғат аясында сабақты жалғастырады. Қызықты әңгіме-дүкен құрып уақыттың қалай өткенін білмей қалатын едік», – дейді. Бұдан Сәкеннің қандай ұстаз болғандығын, шәкірттерінің пір тұтқандығын көре аламыз.

Сәкен – қазақ халқының тарихында үлкен із қалдырған дара тұлға. Менің ауылымда Сәкеннің мәңгілік ізі қалған. Мен Сәкен ізі қалған мекенімді мақтан тұтамын.

**Қауаср МУСАҒАЛИҚЫЗЫ,
С.Сейфуллин атындағы
ЖББ мектебінің 10-сынып
оқушысы**

Нұра ауданы

• ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 165 ЖЫЛ

Ақын мұрасы – асыл қазына

Қарағанды агротехникалық колледжі Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен бірлесіп отырып, облыс колледждерінің қазақ тілі мен әдебиеті оқытушылары арасында ақын, жазушы, аудармашы, тарихшы, композитор, Абайдың реалистік әдебиет үлгісін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған «Тіл – қазына» атты республикалық дөңгелек үстел өткізді. Аталған шараға Астана, Семей, Атырау қаласынан зерттеуші ғалымдар онлайн режимде қатысып, Ш.Құдайбердіұлының сан қырын ашатын мазмұнды баяндама оқыды.

Ашық диалогке негізделген дөңгелек үстелге техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары, мұражай қызметкерлері, тіл мамандары мен кітапханашылар қатысты.

Іс-шарада Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуші танымал тұлғалар сөз сөйледі. Атап айтқанда, шәкәрімтанушы, Семей қаласындағы «Шәкәрімтану» зерттеу орталығының негізін салушы, филология ғылымдарының докторы, ардагер-ұстаз Салтанат Ізтілеуова, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты Ақмарал Смағұлова, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік мұражай-қорығының аға ғылыми қызметкері, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің оқытушысы Қуат Қнықбай



сынды белгілі тұлғалар баяндама оқып, Шәкәрім туралы деректерді көпшілік назарына ұсынды.

Сондай-ақ, Қарағанды қаласындағы Шәкәрім атындағы гимназия директоры Аягүл Ах-

метова сөз алып, Шәкәрім шығармашылығының құндылығын тілге тиек етсе, сол мектептегі «Шәкәрім Құдайбердіұлының мұражайы» жетекшісі Асылбек Сүлейменов мұзейді таныстырып, виртуалды сая-

хат жасады.

Республикамыздың түпкір-түпкірінің, атап айтқанда Астана, Семей, Атырау және Қарағанды, Саран қалаларының колледж ұстаздары Ш.Құдайбердіұлының сан

қырынан ашатын мазмұнды деректерді айтты.

Тағылымды шара Ш.Құдайбердіұлының «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгереді» әнімен түйінделді. **Өз тілшімізден**

• МЕН ОҚЫҒАН БІР КІТАП

Олкоттың ойлы туындысы

Кітап оқудың пайдасы зор екені көзі ашық жанның бәрине мәлім. Кітап – өмірдің маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы. Оны оқи отырып, адам өзін-өзі жетілдіреді, ой-өрісі, логикасы дамиды. Көптеген кітап адамға идея мен шабыт береді. Сонымен қатар, адамдар өмірде міндетті түрде пайдалы болатын баға жетпес тәжірибе алады. Өзіме әсер еткен тәрбиелік мәні зор кітаптардың бірі – шет ел жазушысы Луиза Мэй Олкоттың «Кішкентай ханымдар» романы туралы айтып беруді жөн көрдім.



Роман бірден өзіне баурап алады. Кітаптың сюжетінде XIX ғасырдың 60-жылдарындағы төрт әпкелі-сіңілілердің өмірі баяндалады. Олар – Марч Маргарет, Джо, Бет және Эми. Бұл сюжет кітап авторының Луиза Мэйдің де үш әпкелі болған.

Төрт түрлі кейіпкер – төрт түрлі психология. Бір үйдің тәрбиесін алса да, әрқайсысы өзгеше әлем. Үлкені отбасының абыройын бірінші орынға қойды, екіншісі еркіндікті жаны қалайды, кейінгі қызы талантты әрі ұялшак, ал кіші қызына еркелік пен эгоизм тән. Кітапты оқып отырып, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен мейірімділігін байқай аласыз. Үйдің отағасы соғысқа кетіп, бала тәрбиесіне араласа алмайды. Бірақ аналары Марч ханыммен қыздары арасында тығыз қарым-қатынас орнайды. Ана ретінде ол – адалдық пен мейірімділіктің үлгісі. Кейде олар ақиындықтарға кезігеді, бірақ Марч ханым әрқашан сүйікті қыздарына қиындыққа мойымауға, жақсылыққа үйретеді.

Оқырман ретінде маған кітаптың ең ұнаған тұсы – феминистік көзқарас. Үйдің екіншісі Джо – қазіргі қыздардың жинақтық образы. Әйелдердің сұлулығы, ақыл-ойы, жан қалауы, өзіне тән қабілеті бар. Мен әйелдер тек махаббатты қалайды дегенге келіспеймін. Джо да тік мінезді және әйел адамның міндеті тұрмысқа шығып, балалы болу деген қоғамдағы талаптарымен келіспейді. Осы образы арқылы автор қыз баласының жеке тұлға екенін, еркіндікке лайық екенін жеткізеді.

Үйдің үшінші қызы – Бет. Ол – сондай ғажап жан. Біреуге қатты жауап қайтармас бұрын немесе болмашы нәрсеге ашуланбас бұрын ойланады. Ол өшпенділік танытпайды, адамды бір әрекетіне бола бағаламай, әрқашан қолдайды. Әрине, Бет – 11 жастағы кішкентай қыз. Бірақ ол – аға-әпкелерге үлгі жан. Оқиға бойы басты кейіпкерлер өз бойындағы жағымсыз мінезімен күресті. Мег дұрыс жол таңдай алды, Джо енді ашуға булығыды доғарды, Бет батыл бола бастады, ал Эми өзінің өзіншілдігінен арылды.

Бұл шығармада отбасымен дұрыс қарым-қатынас, достық, соғыс кезіндегі жастардың өмірі керемет жазылған. Махаббат та бар. Өзінің әпкелеріне, достарына, айналадағы адамдарға махаббатпен қарауды үйретеді. Ана мен қыздың арасында жылылық пен мейірімнен тұратын әңгіме бар, сондықтан мен осы кітапты жасөспірім қыздарға және аналарына оқуға кеңес беремін. Қорытындылай келе, бұл кітапты қыздарына қиындыққа мойымауға, жақсылыққа үйретеді.

Оқырман ретінде маған кітаптың ең ұнаған тұсы – феминистік көзқарас. Үйдің екіншісі Джо – қазіргі қыздардың жинақтық образы. Әйелдердің сұлулығы, ақыл-ойы, жан қалауы, өзіне тән қабілеті бар. Мен әйелдер тек махаббатты қалайды дегенге келіспеймін. Джо да тік мінезді және әйел адамның міндеті тұрмысқа шығып, балалы болу деген қоғамдағы талаптарымен келіспейді. Осы образы арқылы автор қыз баласының жеке тұлға екенін, еркіндікке лайық екенін жеткізеді.

**Шырайлым ТӨКЕН,
Б.Момышұлы атындағы
ЖББ мектебінің 11-сынып
оқушысы**

БАЛҚАШ

• ОЙТОЛҒАУ

Тегеуріні мықты тіл

Тіл – адамның қоршаған өмір туралы білімін сақтаумен бірге, жаңа ақпаратты қабылдайтын, ойлау процесін жетілдіретін қатынас құралы. Дүниежүзі бойынша 7000-нан астам тіл бар екен. Әрбір тілдің қалыптасу тарихы мен өзіндік ерекшелігі бар. Тілсіз қоғам жоқ. «Адамға екі нәрсе тірек тегі. Бірі – тіл, бірі – дінің жүректегі», – деп Жүсіп Баласағұн ағамыз айтқандай, кез келген мемлекеттің ең негізгі тарихы да, рәмізі де, ұраны да сол елдің ана тілі болмақ.

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі. Ұлттың болашағы – ана тілінде. Осы орайда өзіміздің ана тіліміз, баба тіліміз – қазақ тілі жайлы сөз қоғамға келеді. Себебі қазақ тілі – сан ғасырлық тарихы бар, көркем әрі оралымы бай тіл. Оның еңесі биік, қанатын кеңге жайған, таза, тарихы тереңде жатқан, болашағы жарқын да баянды тіл екендігі туралы ата-бабамыз нақты мәліметтер келтірген. А.Байтұрсынұлының: «XX ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл тура-

сындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» деген сөзінен-ақ тіліміздің құндылығын көре аламыз.

Қазақ тілі – батыс түркі тілінің қыпшақ тармағына жатады. Бұл тармаққа: қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, балқар, құмық және тағы да басқа тілдер жатады. Сондықтан түркі тілдес халықтардың тілдері ұқсас болғандықтан, көп жағдайда бір-бірімізді түсініп, сөйлесе аламыз.

Біздің қазақ тіліміз – бай тіл. Әліпбиіміздің өзінде 42 әріп бар.

Этностық неміс, орыс және қазақ тілдерінің білгірі Герольд Бельгер қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігіне 2 миллион 550 мың сөз енгенін жазады. Ойлаңызы, бір тілде 2 миллионнан астам сөз! Тіпті, Шекспир мен Байронның барлық туындыларын қоса алғандағы сөздер саны 15 мың сөз болса, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтың «Абай жолының» бір гана кітабында қазақ тілінде 17 000 сөз қолданылған. Әйгілі шығыстанушы әрі түркітанушы В.Радлов: «Мен



әлемдегі тілдер ішінен үш тілді ұлы тұтамын. Олар – орыс тілі, француз тілі, қазақ тілі», – деп жазады. Осыдан-ақ, қазақ тілінің түркі тілдері арасында ең бай тіл екенін барлық зерттеушілер мойындағанын байқаймыз.

Қазақ тілі – икемді тіл. Үйрету жағынан орыс, неміс, француз және ағылшындықпен оңай, оңтайлы. Қалай ісең, солай иіле береді. Тіліміз жайлы тізе берсек, шегіне жете алмаспыз. Менің ана тілім – шексіз бай, тегеуріні мықты тіл. Өмірдің сан қырын, абзал сырларын түсіне білуіме басты себепкер – ана тілім. Мынау жарық дүниеге келгеннен бастап, анамың салған әлдімімен бойыма сіңіріп келе жатқан тілім – мен үшін ең қастерлі, ең қасиетті қымбат тіл. Өйткені, ол ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Қадіріне жете білейік...

**Гүлдана АЯЗБАЕВА,
№6 ЖББ мектебінің 8-сынып
оқушысы**

ҚАРАҒАНДЫ

• СЕМИНАР

Несие кәсіпті алға жылжытады

Елімізде кәсіпкерлерді қолдау артып келеді. Дегенмен, қандай бағдарламалар жүзеге асып жатқаны туралы халық арасында түсіндіру жұмыстары ақсап тұр. Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасында өткен семинарға орта және шағын кәсіп иелері, екінші деңгейлі банк өкілдері және аймақтағы филиалдардың кеңесшілері онлайн қатысып, осы мәселелерді тілге тиек етіп қана қоймай, кәсіпкерлерге арналған арнайы бағдарламалар туралы ақпаратты ортаға салды.

– Біріншіден, бұл жиын – кәсіпкерлерге және кәсіпкерлікпен айналысамын деген азаматтарға арналған семинар. Қажеттілікке байланысты әр тоқсан сайын өткіземіз. Өйткені, бағдарламаларға өзгеріс енгізіліп тұрады. Оны біреу білсе, екіншісіне жетпей жатады. Сондықтан ақпарат алу осы алаңда еркін түрде өтеді. Бүгінде бұл жаңашылдықтарды халыққа жеткізетін 12 филиалымызда кеңесшілер бар, – деді Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Ерлан Қалиев.

Семинарға қатысқандар мемлекеттік бағдарламалар туралы қанықты. Мысалы, «Аграрлық несие корпорациясы» Қарағанды филиалы несие бөлімінің басшысы Қаныш Серікұлының айтуынша, биыл стартап ретінде жүргізілген жастарға арналған несие бойынша қаржы толық игерілген.

– 2023 жылға арналған 2,5 пайызбен берілген 1 млрд. 620 миллион теңге игерілді. Бұл несие жаңа кәсіп ашқан жастарға 5 жыл, ал, ауыл шаруашылығындағы мақсатта алғандарға 7 жылға берілді. Келесі 2024 жылға 1,7 млрд. теңге қарастырып отырмыз. Айта кетеріміз, міндетті түрде кепілзат болуы керек. Биыл қаржыландыру кеш бағалы. Яғни, наурыз-сәуір айларында. Келесі жылы қаңтар айынан қолға аламыз деген жоспарымыз бар. Сондықтан жас кәсіпкерлер ертерек қамданғаны дұрыс. Несиені кез келген бағытқа алуға болады. Кіріпші құямын, наубайха-



на ашамын, монша саламын деген ниетімен қатар бизнес жоспары болса болды. Биыл бұл бағдарламаға бір аудандар белсенді қатысса, кейбірі құлшыныс танытпады, – дейді ол.

Сонымен қатар, «Аграрлық несие корпорациясы», «Кең дала», «Агробизнес» және «Іскер» бағдарламаларын жүзеге асыруда «Кең дала» бағдарламасымен несие егістік жерлерді игеруге беріледі. Бұл жобаға арналған қаражат 2024 жылдан бастап, несие серіктестіктері арқылы беріледі. «Агробизнес» шаруа қожалықтарына қолдауға несие береді. Ол үшін сізде жер телімі, жайылымдық алқап, мал ұстайтын орын және де кепілзат болуы міндетті. Сізге бұл несиеге техника, төрт түлік мал алуыңызға да рұқсат.

Бағдарламамен берілетін несие 22 пайыз болса, оның 16 пайызы Үкімет тарапынан субсидияланады. Төлеу мерзімі – 10 жыл.

– «Іскер» бағдарламасы бойынша биылға бөлінген қаражатты толық игердік. Бұл жоба «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және «Сарыарқа» АЭА арқылы жүзеге асты. Несие 6 пайызбен берілді. Келесі жылы бұл бағдарлама бойынша қаражат бөлінер-бөлінбесі белгісіз, оны қосымша хабарлаймыз, – дейді «Аграрлық несие корпорациясының» өкілі.

Басты мақсаты кәсіпкерлерді қаржылай қолдайтын «Бәйтерек» холдингіне қарасты «Даму» қорының да бағдарламалары көңілге қонымды. Бұл туралы қордың бас менеджері Құралай Әбілдина ай-

тып берді.

– Бүгінде еліміз бойынша «Даму» қорының 20 бөлімшесі бар. Соның бірі Қарағанды қаласында. Қордың мақсаты – шағын

және орта кәсіпкерлікті дамыту. 2023 жылы 619 жоба 28,9 млрд. теңге несие алды. Несиелерді кепілдендіру үшін 341 жобаға 5 млрд. теңге бөлінді. Қосымша банктермен шағын және орта бизнесті қаржыландыратын «Кәсіпкер» бағдарламасына 21 жоба үшін 55 млн. теңге берілді, – дейді ол.

Бүгінде «Даму» қоры «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» аясында жұмыстар атқаруда.

Сонымен қатар, семинарға қатысушылар «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының серіктестері «Jusan» және «Freedom» банктері өкілдерінен «Қалай және қандай мақсатта несие алуға болады?» деген сұраққа жауап алды.

Әлебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Құттықтаймыз!



«Тұлпарда да тұлпар бар – қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар – азаматы бір бөлек». Қазақ жақсыны осындай бір ауыз сөзбен ғана сипаттап қойған. Арқадағы қадірлі азаматтың бірі – **Ерлан ЖҰМАБАЕВ**.

Ерлан Жұмабаев 1963 жылдың қазанында Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Көпбалалы отбасынан шыққан. Әкесі Тұрағұл Жұмабаев ауылшаруашылық саласында көп жыл еңбек етті. Аудан экономикасын көтеруге қосқан үлесі зор, сыйлы, құрметті азамат еді. Шешесі Зекең Ташенова – үй шаруасындағы адам. Он бала тәрбиелеп өсірді. Батыр ана. Алтын белгінің иесі. Өмірден өткеніне 4-5 жылға жуықтады.

Ерлан Тұрағұлұлы Қарағанды медінститутын балалар дәрігері мамандығы бойынша 1987 жылы тәмамдап, Балқаш қаласында интернатурадан өтті. 1988-1991 жылдары Ақтоғай аудандық емханасында балалар дәрігері болып қызмет атқарды. 1991 жылдан Қарағанды облысы диагностикалық орталығында функционал бөлімінде қазіргі уақытқа дейін (32 жыл бір орында) абыройлы қызмет атқарып келеді. 2020 жылы Мақажанов клиникасымен қосқан бері бөлім менгерушісі қызметін атқаруда. 2022 жылы «Денсаулық саласында қосқан үлесі» төсбелгісімен марапатталды. Бұлдан бөлек басқа да мақтау грамоталары баршылық. Ерлан мырза өз ісіне адал, білікті маман. Көпжылдық еңбегін жұрт жақсы біледі.

Үлгілі отбасы. Жары Шолпан екеуі ұл мен қыздан 6 немере көріп отыр. Қызметте ғана емес, көрші-қоланға, ағайынға, дос-жаранға да қадірлі. Мінезімен де, кең пейілімен де әр ортаға сыйыса біледі.

«Інім» десең – Қараңғыда шырақ болып жағалды,
«Аға» десең – Арқа сүйер таудай болып табылды.
Бар пейілі көздерінде шалқынға,
Мынау елдің азаматы қадірлі.

Тілек білдірушілер: **Есентай, Бақытжан, Ерғазы және бауырлары**

№552

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Тәжірибелі хирург топ жарды

Қарағанды медицина университеті клиникасының бас хирургі, университеттегі хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры Нұрқаси Абаев республикалық «Еңбек жолы» байқауынан жеңімпаз атанып, мерейі тасыды. Білікті хирург байқаудың «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» аталымында топ жарды.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұрқаси Төлепбергенұлы – өзінің еңбек жолында 6 мыңнан аса пациентке ота жасаған жан. Ол елімізде алғаш рет бүйрекке, сондай-ақ механикалық сары ауру кезінде ұйқы безі мен от жолдарына лапароскопиялық реконструктивті операция жасады. Мұнымен қоса, 1996 жылы Қарағандыда алғашқылардың бірі болып, құрсақ қуысы мүшелерінің әртүрлі ауруларын жедел емдеудің эндовидеохирургиялық әдістерін тәжірибе жүзінде іске асырған маман.

Одан бөлек, Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық хаттамаларын, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеуге үнемі қатысады. Кәсіби білімін жетілдіремін деген дәрігерлер мен хирургтарға арнап, 30-ға жуық бейнефильм жасағанын, 100-ден аса ғылыми жарияланымдары барын да қоса кеткеніміз жөн.

Көпжылдық еңбегі бар білікті хирургтің білгенімен бөлісуін азаматтық дер едік. Профессор қосымша студенттер мен резид-



дент дәрігерлерге дәріс оқиды, шеберлік сабағын өткізеді, білгенін үйретеді. Сондай шәкірттерінің бірі – Қарағанды медицина университеті клиникасы хирургия бөлімінің менгерушісі Руслан Бадыров.

– Нұрқаси Төлепбергенұлының алғашқы шәкірттерінің бірі болғаным мақтанамын. Профессордың жетекшілігімен ма-

гистратура мен докторантураны бітірдім. Тәлімгерлігімен төрт докторлық және сегіз магистрлік жұмыс қорғадым. Білікті хирург – резидент дәрігерлердің тәлімгері. Өз шәкірттерін клини-

кетсек, жөн болар. Медуниверситетті тәмамдаған соң еңбек жолым бұрынғы Торғай облысының Амангелді ауданында дәрігер-хирург болып бастайды. Кейін Қарағандыға қоныс аударып, қызметін облыстық клиникалық ауруханада жалғастырады. 1996 жылы медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. 1997-1998 жылдары облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас хирургі болып қызмет етеді. Білікті дәрігердің басшылығымен облыста алғаш рет амбулаториялық хирургия және травматология орталығы ашылды.

Хирургиялық оталардың сыншптамасы, емдеу мекемелері тиімділігінің экономикалық есептері, медицина мекемелерінің емдеу қызметі бойынша төлемі әзірленді. Осындай ізгілікті істің бәріне, жалпы Қарағандыдағы денсаулық сақтау саласын жетілдіруге Нұрқаси Абаевтың сіңірген еңбегі мол.

Профессор Нұрқаси Төлепбергенұлының еңбегі ескерусіз емес. Бүгін «Еңбек жолы» байқауында бақ жұлдызы жанса, бұған дейін «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Жерлесіміз – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» республикалық байқауының да жеңімпазы. 2010 жылы «Үздік хирург» номинациясы бойынша Қарағанды облысы әкімі сыйлығының лауреаты атанды.

Хабарландыру

«Resource PV» ЖШС Нұра-Талды көн орны үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алуға өтініші бойынша ашық жиналыс негізінде қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 13 қараша сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды а.о., Қошқарбай ауылы Мәдениет үйінде өткізіледі. Нысан операторы: «Resource PV» ЖШС, Астана қ., Қонаев көшесі, 12/1 үй, электрондық пошта: info@resource-pv.kz.

Әзірлеуші: «ЦЕНТРГЕОКОНСАЛТИНГ» ЖШС, Абай обл., Семей қ., Поселок Степной көшесі, 133 үй, 1-пәтер.

Өтінішке қосымша материалдардың электронды нұсқасы <https://ecoorportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында орналастырылған.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта арқылы алуға болады: info@resource-pv.kz.

Жұртшылық өз ескертпелері мен ұсыныстарын Бірыңғай экологиялық порталға және Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының электрондық поштасына жібере алады: expertiza_upr_krg@mail.ru.

Объявление

ТОО «Resource PV» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Заявлению на получение экологического разрешения на воздействие для месторождения Нұра-Талды.

Общественные слушания будут проведены 13 ноября 2023 года в 15:00 ч. в Доме культуры с. Кошқарбай Нұраталдинского с.о. Шетского района Карагандинской области.

Оператор объекта: ТОО «Resource PV», г. Астана, ул. Кунаева, дом 12/1, электронный адрес: info@resource-pv.kz.

Разработчик: ТОО «ЦЕНТРГЕОКОНСАЛТИНГ», Абайская обл., г. Семей, ул. Поселок Степной, дом 133, кв. 1.

Электронный вариант пакета документов размещен на сайте Единого экологического портала: <https://ecoorportal.kz>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области.

Дополнительную информацию можно получить по следующим электронным адресам: info@resource-pv.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения на сайт Единого экологического портала и на электронный адрес Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области: expertiza_upr_krg@mail.ru.



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

СПОРТ

Спорт қайраткеріне құрмет

Қарағандыда спорт саласындағы мемлекет және қоғам қайраткері Қазбек ӘШЛЯЕКЕ мемориалдық тақта орнатылды.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Рингте өткізген 169 жекпе-жектің 160-да жеңіске жеткен боксшы спортқа қызығушылық танытқан талай жасқа жігер берген. Қазақтың спорт тарихында жүріп өткен ауыр да жеңісті жолдары 24 жасында «ҚазКСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағын әкелді.

Спорт шебері шәкірт тәрбиелей жүріп, 1972 жылы Мюнхен Олимпиадасына команданы дайындаудан КСРО құрамасының тәлімгерлері қатарына шақырылған. Спорттық мансабында көрермендерінің есінде ерекше қалған спортшы КСРО чемпионы, Еуропа Кубогының жеңімпазы атанып үлгерген.

Қоғам қайраткеріне арнап, Н.Әбдіров атындағы спорт сарайының қасбетіне орнатылған мемориалдық тақтаның ашылуына жиналғандар Қазбек Сопыжанұлының сағынышпен еске алды. Чемпиондардың бағын жаққан тәлімгердің білім беру үздігі атанып, аймақтың дамуына елеулі үлес қосқанын атап өтті.

ФЕСТИВАЛЬ

«Әуенді Сарыарқа» шақырады

Шалқыма концерт залында XXIV Халықаралық «Әуенді Сарыарқа» фестивалі өтеді.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальді Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптарының академиялық оркестрі ашады. Ал, фестиваль конактары – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Дүйсен Үкібай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Қарасай Сайжанов, Өзбекстанның халық әртісі, профессор Форук Садықов, ҚР «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Ерлан Жандарбай, сондай-ақ, қарағандылық Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Гайни Болтаева және ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жаксыкелді Кемалов.

Солистер – халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Нұрбол Темірғалиев пен Рысты Рахымжан. Көркемдік жетекшісі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әбдугалисын Шоқанбаев. Бас дирижер – «100 жаңа есімдер» жобасының жеңімпазы Ерлан Бактыгерей.

ФОТОКӨРМЕ

Қарағанды бейнесі – әлем назарында

«Артық ештеңе жоқ». Бұл – Қарағанды фото клубының жаңа фотокөрмесінің тақырыбы. Өзгеше шығармашылық әлемге бастау болар көрмеге 36 адам қатысты. Сонымен қатар, түрлі фотожанрлардағы 176 жұмыс көрермендерге ұсынылады.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, біз бірінші есеп беру көрмесінде бұрынғы фото клубтың тәжірибесін ескердік және енгіздік, яғни, оларды – экстрополяцияладық. Ал, екінші көрмеге келер болсақ, оны «Интерполяция» көрмесі етіп көрсетуге тырыстық. Біз оған өз өз көзқарасымызды (интерполяция) енгіздік. Фото клубтың үшінші есеп беру көрмесі алдыңғы екеуінің нәтижелері мен қорытындыларына негізделген. Енді

біздің көрмеде «Артық ештеңе жоқ» деп сенімді түрде айта аламыз, – дейді фото клубтың негізін қалаушылар.

Жалпы, клуб құрылғалы бері жиырмаға жуық маңызды фотокөрме мен фотожоба болды. Биыл Қарағанды фотожобалар байқауынан халықаралық аренаға шықты. Біздің қарағандылық фотоклуб ресми түрде Нарвадағы (Ресей) NOCTURNE-fest фотофестиваліне және Румыниядағы «Буковинское мыңжылдық III» халықаралық фотоөнер салонына қатысушы ретінде шақырылған-тын.

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Сауабы сансыз сапар

Бұл сапардың сауабы сансыз болатындығы – 25-28 қыркүйек аралығында Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы Асхат Әлиев бастаған делегация Түркістан облысының Қарнак кентіндегі Шаммат ишан атындағы медресеге (қазір мұражай) барып, онда 1702-1723 жылдары ұстаздық еткен Бұқар бабамызға ескерткіш тақта орнатып, оның мұражайын ашып, сол жерде аруағына арнап ас беріп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне мінәжат етіп қайтқаны.

Ержан ИМАНШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Делегация құрамында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Байғожин, осы ауданның мәдениет бөлімін 30 жыл басқарған Мүгілсім Шиббаева, айтыскер ақын Айтбай Жұмағұл, жергілікті бұқартанушы Қалиаскар Шыныбектегі, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы Ернар Кейкин, аудандық мәслихат депутаты, Бұқар жырау атындағы қоғамдық қор төрағасы Амантай Әкішев, «Аманат» партиясы облыстық бөлімшесінің саяси бөлімінің меңгерушісі Нұрсұлтан Мейрамулы, «Зерде» бейнемобилінің қызметкері Жанұзақ Мәкішев болды. Оған Қали Байжанов атындағы облыстық филармонияның «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің өнерпаздары мен облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері қосылды.

Негізі, бұл мәселені көптен көтеріп жүрген Амантай Ақишев бауырымыз болатын. Ол тарихшы Жамбыл Артықбаев, жазушы Мұхтар Мағауин, тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерінен Бұқарекеннің Бұхарадағы Көкілташ медресесін бітіргеннен кейін Қарнак медресінде шәкірттерге сабақ бергені жайлы деректерді оқып, оның есімін ұлықтауды ойлаған. Сол мақсатпен биылғы маусым айында сонда сапар шегіп, Ұлы жыраудың өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын ақпараттық құндылықтардың біразын орналастырып келген көрінеді.



Ал, бұл жолғы аттанысымызға облыстық және өзіміздің аудандық әкімдіктер, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов қолдау танытып, көп көмек көрсетті, – деген еді Асхат Сағадияұлы.

Сонымен, 25 қыркүйекте Қарағандыдан жайлы автобуспен жолға шыққан біз 1500 шақырымды артқа тастап, ертеңінде дәл сол уақытта Мағжан жырлаған Ер Түріктің бесігі – Түркістан қаласына маңдай тіредік. Облыс орталығына айналғанына көп болмаған көне де жаңа шаһардың көрінісі керемет. Айнала самаладай жарық. Көпқабатты үйлер мен небір әсем ғимараттар бой көтерген. Онсыз да жасыл қала ағаш желегі мен сан алуан гүлге көміліп тұрды.

Бұл күні Түркістаннан 30 шақырым жердегі Қарнакты бетке алғанбыз. Қазір де Кентау қаласының аумағына кіретін Қарнак кентінің тарихы тым тереңде. Заманында бұл білім мен ғылымның ошағы болып, мемлекет қайраткерлерінің балалары мен болашақ елшілерді даярлайтын іргелі орталық болған екен. Тіпті, атақты тайқазан да осы арада құйылыпты. Соның куәсіндей кентке кіреберісте қоршалған ескі қаланың орны жатыр. Бір кезде мұнда 6 медресе, 26 мешіт болған көрінеді. Солардан қалғаны Шаммат ишан атындағы медресе екен. Іргетасы 1786 жылы қорғаныш олақ 1924 жылға дейін шәкірттер оқытып шығарған да, мұражайға айналған.



Бұқар бабамыз тап осы орында ұстаздық етті ме, белгісіз. Әйтсе де, осы жерде оның табанының ізі қалғаны анық. Оны айтсаңыз, Шортанбай жыраудың да Қарнакта туғанын осы жолы білдік. Бізге осыдан хабар берген мұражай меңгерушісі Әнуар Мирзоев өздеріндегі үш мыңнан аса жәдігердің тағы толығы түскеніне қуаныш білдірді.

Қарнактағы салтанатқа Астанадан сенатор, академик Алтынбек Нұхұлының арнайы ұшып келуі де мәртебемізді бір көтеріп тастады. Ол қашанда ісі қазаққа ортақ тұлғаларымызды дәріптеп, ұлықтау ісіне атсалысып, өзі басы-қасында жүреді. Бұқар бабамыздың ескерткіш тақтасын ашу құрметі осы Алтынбек Нұхұлы мен жер иесі, Кентау қаласының әкімі Жандос Тасовқа берілуі де сондықтан. Одан әрі жиналғандар Бұқарекенге ашылған мұражайды барып көріп, онда қойылған жәдігерлер, әр жылдары шыққан кітаптары, ол туралы зерттеу еңбектерімен танысты. Содан кейін жұрттың назары облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Ержан Нұрмағанбетов бастаған қызметкерлерінің жайма көрмесіне ойысты. Қарнактағыр одан біздің өлкеміздің тарихы, мәдениеті мен әдебиеті туралы құнды мәліметтер алды деуге болады.

Келесі кезекте Бұқарекенге арналған шара далалық сахнада жалғасты. Сахна төріне көтерілген Оңтүстік өңірдің абыз ақсақалы, белгілі жазушы Құлбек Ергөбеков Алтынбек Нұхұлына Түркістан облысы әкімдігінің атынан құндыз бөрік пен қамқа тон киізді. Өз кезегінде Асхат Әлиев те Кентау қаласының әкімі Жандос Тасов, Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбайұлы, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай қорығының директоры Мәулен Садықбекке, тағы да біраз адамдардың нығына шапан жауып, оларға облысымыз бен өз аудан әкімінің Алғыс хатын тапсырды.

Ал, концерттік бағдарламаның шымылдығын белгілі айтыскер ақын Айтбай Жұмағұл арнау өлеңімен ашып, әншілеріміз Құрмаш Ыбышев, Ришат Шәбденов, Гүлмира Тапай әннен шашу шашса, Қалиаскар Шыныбектегі Бұқар жыраудың «Қызыққа тоймас адамзат» толғауын өзі шығарған әуенімен орындады.

Ұлағаты мол шара соңынан жерлестеріміз Бұқар жырау қоры атынан Қарнак мейрамханасында дастарқан жайып, Бұқар бабамызға ас беріп, аруағына дұға оқытты.

Қайтар жолымызда Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне соғып, сонда жатқан аруақты бабаларымыздың рухына дұға бағыштап, тәу еттік.

Жалпы, бұл жолы Бұқар бабамыздың ұлықтау арқылы Қарағанды мен Түркістан облыстары арасында мәдени байланыс орнағандай болды. Енді осы игі іс жалғасын тауып, Бұқарекен туып-өсіп, оқыған Өзбекстанның Бұхара қаласына баратын делегация жасакталуда.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ВЕЛОСПОРТ

Алғашқы веложарыс

Биыл Теміртау шаһарының негізі қаланғанына – 78 жыл. Металлургия қаласында қала күніне орайластырылған күзгі веложарыс өтті. Оған 2007-2012 жылдары туған жасөспірімдер қатысты.

«Қала күніне орай алғаш рет өткен бұл шара – саламатты өмір салтын насихаттаудың бір көрінісі. Мұнда қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлауды мақсат тұттық. Алдымен 2007-2008 жылдардағы спортшылар бастады. Барлығы 16 айналым жасалды. Әр екі айналым сайын жаңа топ жіберілді», – дейді Теміртау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Айгерім Қарымсақова.

Қатысушылардың жалпы саны 60-тан асты. Жеңімпаздарға диплом және сыйлықтар табысталды.

ПАУЭРЛИФТИНГ

Батырлар бәсекесі

Қарағандыда пауэрлифтингтен «Алтын Батыр» әлем кубогі мәреге жетті. Жарысқа паралимпиадалық қозғалысқа қатысушыларды қоса алғанда, таяу шет елдерден келген 900-ден астам спортшы қатысты.



– Бұл Кубок үшінші рет өткізіліп отыр. Жарыс ұшайсыз, шангалық пресс, кір көтеру, көпсайыс бойынша өтті. Сонымен қатар, шангаларды көтеру бойынша күш сынасты, – дейді Қазақстанның пауэрлифтерлер Ұлттық қауымдастығының президенті Никита Полищук.

Сексен жастағы ауыр атлет Айтжан Исаков Теміртаудан келген. Пауэрлифтингтен Азия және Әлем чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Жарыс жеңімпаздарына эксклюзивті медальдар, дипломдар мен сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар, қатысушыларға пауэрлифтингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алуға мүмкіндік берілді.

КИКБОКСИНГ

Жолдаманы жұлып алды

Балқашта ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мейрам Боранбаевты еске алуға арналған кикбоксингтен республикалық турнир өтті. Оған еліміздің тоғыз өңірінен және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 40-тан астам спортшы қатысты.

– Турнирде ел чемпионатында жүлделі орындарға не болған спортшылар бақ сынасты. Мұнда 17 қарашада Португалияда өтетін Әлем чемпионатына лицензия сарапқа салынды, – дейді турнирді ұйымдастырушы Дулат Саметов.

Нұрсұлтан Сатиев 18 жаста бола тұра, ересектер санатында өнер көрсетіп, қарсыластарын 3:0 есебімен сенімді түрде жеңіп, Әлем чемпионатына жолдаманы жұлып алды. Ол – 2022 жылғы Әлем Кубогының (Түркия) иегері, 2022 жылғы Әлем чемпионатының (Италия) жүлдегері. 63 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп жүр. Қазір Алматыда, дайындық үстінде. Жакында Португалияға жол тартады.

Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҮСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-1370
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемсіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 111 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Титогарфия Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпмәтелі органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**